

ЖУРНАЛИСТИК ЗЕРТТЕУ

БІЗДІ ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚОЙМАДЫ!



Алматы облысы Талғар қаласындағы «Нұр» балалар үйінің басшысы Тұяқ Есхожинаны бұрыннан білеміз. Тұяқ апа осыдан 24 жыл бұрын есік-терезесі сынған, қабырғасы қаусап, қаңыраған бұрынғы мектеп-интернаттың ғимаратында күрделі жөндеу жүргізіп, қайырымдылық үйін ашқан. Ол үшін Алматыдағы жеке баспанасын сатыпты. Міне, осы «Нұр» балалар үйінде өсіп-өніп, өмірге құлаш сермеген бір топ жас «бізді үй кезегінің тізіміне енгуге күш

салмады» деген сыңайда Талғар ауданының құрметті азаматының үстінен арыз түсіріпті. Көктемде көтерілген даулы мәселенің қызуы өлі басылған жоқ. Сот жүріп жатыр.

Мән-жайды білу үшін біз Талғар қаласына жол тарттық. Ең алдымен ат басын «Нұр» балалар үйіне бағыттап, көкейдегі күпті ойды тарқатып алу мақсатында Тұяқ Қаскенқызына бірнеше сауалымызды қойдық.

(Жалғасы 3-бетте)

ӘЛЕУМЕТ. t°

«МАЙ ШЕЛПЕК» КІМНІҢ ЕСЕБІНЕН?

Мәжілістің осы аптадағы отырысында депутат Аманжан Жамалов Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) тиімді инвестициялық стратегиясын әзірлеу туралы Президент тапсырмасын еске салды.

Зейнетақы қорындағы қаржы негізінен жалақының 10 пайыз төлемінен құралатыны белгілі. Келесі жылдан бастап оған жұмыс беруші аударатын 1,5 пайыз жарна және қосылады. Сондықтан, халық қалаулысы айтпақшы, зейнетақы — қайырымдылық емес, әр адамның бейнетінің зейнеті.

(Жалғасы 2-бетте)



МЕРЕЙ

ГИННЕС КІТАБЫНА ЕНДІ



Маңғыстаулық жеті дүркін Әлем чемпионы Ильдар Ягяев стритлифтинг және воркаут спорт түрінен жаңа әлемдік рекорд орнатып, Гиннес кітабына енді. Спортшы 40 фунт салмақтағы ауырлықпен екі қолмен 10 рет белтемірге тартылып рекорд орнатқан болатын.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
90,66



DOLLAR
482



EURO
472



РУБЛЬ
7,2

ЭССЕ

Олардың адами ұқсақтық қасиеттерінің рухани шынайы өмірде әркез әдемі үйлесіп жататындығына таң қаламын! Үшеуі де табиғи жаратылысында биік шыңға көз тігіп өскен тау балалары – ақиықтар (Майтөбе, Суықтөбе, Аспанқора)! Үшеуі де ақкөбіктерінің аққан тастай тау суы тобығынан келмеген ауылдың көшегі ақберендері (Шотай, Қастек, Тәуке)! Үшеуі де құт қонған, жыр дарыған жыр алыбы Жамбыл атындағы ауданнан – үшеуі де жыр жазады! Үшеуі де... еңбек өтілі есептелетін кезде Алматы облыстық «Жетісу» газетінен зейнет демалысына қатар шыққан ордагер-журналистер.

Жыл басында Орысбай Әбділдаұлы ағам 83 жасқа толды. Жұмаш Арғымбайұлы ағам дәл қазір — 82-де. Нұрманбет Қизатұлы ағам — 81-де. Бұл жәй арифметика, әйтпесе, халық әр кезде де иық түйістіріп, қатар жүретін осынау үш баһадүрді түйдей құрдас көреді. Ен ғажабы — дастарханға бата сұрағанда үш ақсақалдың алдымен бір-біріне қарап алатыны... Бірақ көбінде таңдау «Орысбайдың отыз батасы» атты танымал жинақтың авторы Орағама түсіп жатады. Жөпелдемеде Орағам иегін әнтек көтеріп қалса, Жұмағам бәлсінбей, тамағын кенеп, өз батасын термелетіп жібереді. Жұмағамның кейде «Әй, сен бер...» деп кішіпейілдік танытып қалатыны бар, ондай емеурінді байқаса, Нұрағам төгілдіреді. Осылай! Жалпы журналистік қызметте — шығармашылық өмірде үшеуі де мақтау-марапаттан кенде қалған жандар емес. Бірақ араларындағы ордендісі Орысбай аға ғана. Жұмаш ағамда ол орден жоқ. Ұсынбаған. Орысбай ағам алған сол «Құрмет» орденіне Нұрманбет ағамды республикалық «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігі (Асылхан Әбдірайымұлы) екі мәрте ұсынды. Бірақ ала алмады. Әйтеуір, бермеді...

ОРАҒА, ЖҰМАҒА, НҰРАҒА

немесе сексеннің сеңгіріндегі баспасөз
серкелері туралы мөлтек сыр



СЫМБАТ СҰЛУЛЫҒЫНА СЕРГЕК ОЙЫН СЕРІК ЕТКЕН

...Жетінші қабаттағы «Лениншіл жастың» атшаптырым кең дәлізі. «У-шу»-дың үстінен түстім. Түс әлеті. Жиналып тұрғандардың ішінен ерекше көзге түскен бір жігіт әлдекіммен қызу бәстесіп жатты. Әп-сәтте еңкейіп, екі қолын еденге тіреп, екі аяғын бүгіп аспанға тіреген күйі екі үш-метр жорғалап барып, орнынан тез тұрып кетті.

— Осы ғана ма?

— Ал, бәстестік, онда... дәліз біткен жерге дейін!

Қызу жанкүйерлік жасап алқынған топтың шетінен сыналап кірген мен де сығалап қарап, аяқ астынан көрерменге айналдым.

«Ал, бәстестік...» деген шымыр денелі жігіттің атлеттік тұлғасын әлгінде-ақ байқап қалғанмын. Мойнының білеуленген бұлшық еті көзге ұралды екен. Жұлдырығы түюлі екі қолын боксшыларша онтайлап ұстап алыпты, өзі қызбалана жылдам сөйлейді. Әлденеше рет шалқая қаркылдап күліп те үлгерді. Содан... атлетіміз уақытты созбай, алаканын жайып, екі қолын жерге тіреген күйі, екі аяғын әлгіндегідей жоғары қаратып, баяу, бүге көтерді. Жаңағы екі-үш метр жүріс өңгіменің жәй ғана кіріспесі екен, жейдесі кеудесіне жиналған жігіттің қорғасыннан құйылғандай бұлшық еттері жиырылып, жалт етті де, кетті... өрмекшіше жорғалап! Дауыстап, дуылдасқан топ шапалақ ұрып дем беріп, думандатып бірге ілесіп келеді! Көз ұшындағы дәліздің түбі «ә» дегенше көрініп қалды. Кенет топтың ішінен ұзын бойлы, ақ шашты, сидаң жігіт суырылып алға шықты да, «өрмекші жігітті» құшақтай алды...

— Болды, аға, болды...

Думан бітті. Дәліз толы топ дабырлаған күйі күлісіп, тарай бастады.

Өзім құралпы жас жігіттен «Орысбай Әбділдаевқа келіп ем» дедім.

— Ораға, сізге кісі келіп тұр!..

«А-а...» деп кілт бұрылып, маған қарай бет алған әлгіндегі атлетті көргенде жүрегім аттай тулады. «Лениншіл жастағы» көлдей-көлдей етіп жазылған макалалары, ауылдағы дақпырт-данкы арқылы сырттай жақсы таныс болғанмен бет-жүзін өмірде көрмеген ағамды, үстел үстінде, бума-бума қағазды аударып-төңкеріп, басын қасып... үнсіз мақала жазып отырған үстінен түсермін деген оймен шыққан ем ауылдан. Денесі шар болаттай солқылдап тұрған, қимылы өте-мөте жылдам Гераклден кәдімгідей қысылып қалдым. Сілкі сәлемдескен қолы қандай қарулы еді, әлі есімде...

(Жалғасы 5-бетте)

САПАР

Мемлекет басшысының Нью-Йоркке сапары NASDAQ, Auerbach Grayson & Company LLP, Brightlight Capital сияқты жаһандық қаржы институттарының жетекшілерімен кездесуден басталды. Одан кейін қаржы, энергетика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, көлік, ақпараттық технологиялар, білім беру салаларында жұмыс істейтін америкалық ірі компаниялардың басшыларымен, әлемнің жетекші технологиялық компанияларында жұмыс істеп жатқан 400 қазақстандықты біріктіретін Digital Nomads IT қоғамдастығының өкілдерімен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ негізінде жатқан іргелі қағидаттарды сақтаудың маңыздылығына назар аударып, мемлекеттер егемендігінің теңдігі, территориялық тұтастықты құрметтеу және мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі сияқты үш негізгі қағидаттың өзара байланысын қайта қарастыру қажеттігіне тоқталды. «Бұл — үш қағидат өзара бір-біріне тәуелді. Осы қағидаттардың бірін сақтау қалған екеуін ұстануды білдіреді. Ал олардың бірін бұзу, басқа екеуін бұзған болып саналады. Дәстүрлі және ядролық қарусызданудың жаһандық жүйесі әлсіреген кезде аталған үш қағидатқа қауіп төнеді. Керісінше, үш қағидаттың түгел сақталуы олардың күшеюіне ықпал етеді. Бұл қағидаттар бірге кеңейтілген мемлекетаралық ынтымақтастықтың келесі үш деңгейіне негіз болады: субөңірлік, өңірлік және жаһандық. Бұл адамзат

қорғауға шақырды: «Біз ортақ мұрамыз бен игілігімізге нұқсан келтіретін батылсыздыққа немесе біржақты мүддеге жол беруге құқымыз жоқ. Көп нәрсеге тәуекел етуге тура келеді. Осыған байланысты Қазақстан инклюзивтілік, көпжақтылық және ізгі ниет жолында тиісті субъектілердің бәрімен ынтымақтастық орнатуға дайын».

Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының «Біздің ортақ мәселеміз» атты баяндамасындағы ұсыныстарын құптады. Шығыс пен Батыс арасындағы ашық диалогты, сондай-ақ өзара сенім мен көпжақты ынтымақтастық қағидаттарына негізделген жаңа жаһандық қауіпсіздік парадигмасын құруға шақырды. Ядролық державалардың бәсекелестігі мен текетіресінің күшеюіне, сондай-ақ Ядролық қаруды таратпау туралы шарттың шолу конференцияларында

Әлеумет.т⁰

(Басы 1-бетте)

«МАЙ ШЕЛПЕК» КІМНІҢ ЕСЕБІНЕН?

Қорға келіп түскен қаржы жыл өткен сайын еселеніп, табыс әкелуі тиіс. Бұл жағынан БЖЗК тарапына айтылатын сын көп. Өздері жариялаған есебіне көз жүгіртсек, биылғы 7 айдың ішінде БЖЗК активтерінің табысы 9,6 пайызды құраған. Ал осы уақыт ішіндегі инфляция 16,1 пайызға жетті, яғни зейнетақы жинағының нақты табысы ауыз толтырарлықтай емес. Аманжан Жамалов осы орайда БЖЗК-ның инвестициялық стратегиясын сынға алды. «БЖЗК активтерінің 44 пайызы қаржы министрлігінің облигацияларына салынған. Кор табысының басым бөлігі де бюджет есебінен. Сайып келгенде, кор бюджеттің мойнына екі аяғын салбыратып отырып алған. Өйткені басқа құралдар жағынан табыс жоқ», — дейді депутат.

Шынында да, қордың тамыз айының соңында жариялаған есебінде қаржы министрлігі облигацияларының үлесі — 43,94 %, квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары — 12,48%, екінші деңгейлі банктердің облигациялары — 6,85%, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары — 2,90%, шетелдік банктердегі депозит үлесі — 4,24%, ұлттық банктегі депозит — 1,92%, шетелдердің мемлекеттік құнды қағаздарының үлесі — 1,89% деп көрсетілген. Қор өз есебінде 2022 жылдың басынан бері салымшылардың есебіне бөлінген қордағы зейнетақы активтерінің табысы небәрі 3,71 пайыз болғанын айта келе, мұны геосаяси жағдайдың ушығуы, инфляцияның шарықтауы және т.б. жағдайлардың себеп болуымен түсіндіреді.

Тағы да депутат Жамаловтың сөзіне құлақ түрейік.

Мемлекет басшысы өзінің халыққа Жолдауында базалық және жинақталған зейнетақыны көтеру туралы мәлімдеген болатын. Оған бюджеттен қосымша 421 млрд теңге бөлінбек. Бірақ БЖЗК-дан алынатын жинақтаушы зейнетақының мөлшері өзгерген жоқ. Ал 1 тамыздағы мәлімет бойынша БЖЗК-да 14 трлн теңге бар. Жамаловтың айтуынша, бұл еліміздің бір жылдық бюджетімен пара-пар. Мемлекеттік мекеме болса да, БЖЗК жабық, қызметі ашық емес құрылым күйінде қалып отыр. Оның миллиардаған кірісі мен шығысы Есеп комитетінің бақылауынан тыс қалған.

Депутат БЖЗК-ның әкімшілік шығыны 13 млрд теңгеге жеткенін айтады. Салыстыру үшін: еліміздегі бүкіл әлеуметтік саясатқа жауапты еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жылдық әкімшілік шығыны 10 млрд теңгеден аспайды.

Тек БЖЗК қызметкерлерінің жалақысына 7,9 млрд теңге жұмсалған. Ал қорда 1495 адам жұмыс істейді. «Мұндай май шелпек кімнің есебінен?» деген сауал тастайды депутат. Сондай-ақ қор әр салымшының инвестициялық табысы мен зейнетақы активінен комиссия алатын көрінеді. Мәселен, 2021 жылы БЖЗК комиссиясы 15 млрд теңгеден асыпты. Құнды қағаздармен операция жүргізуден де қосымша табыс табады. Өткен жылы қордың жалпы табысы 35 млрд теңге болса, таза пайдасы 23,4 млрд теңгені құраған. «Ат төбеліндей қаржыгерлер салымшылардың емес, өз ақшасын тиімді басқарады», — дейді А.Жамалов. Депутат келтірген мына мәлімет тіпті қызық: БЖЗК жұмыс істеп тұрғалы 211 млрд теңге бөлінбеген табыс жинақтаған. Әрі БЖЗК бұл пайданы өз бетінше басқарып, бөледі. «Қордың жалғыз акционері саналатын Үкімет осы 211 млрд теңге пайданы бюджетке дивиденд есебінде алып, ол қаржыны әлеуметтік мәселелерді шешуге жұмсауы қажет. БЖЗК-ны тікелей Үкіметке, бәлкім, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне өткізу жөніндегі мәселені қарауды ұсынамын», — деді Аманжан Жамалов.

Ал қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев 2028 жылға дейін әйелдердің зейнетке шығу жасын көтермеу үшін мемлекет 800 млрд теңге жұмсайтынын жеткізді. Бәлкім, бұл соманы әлгі 211 млрд теңгеден кертіп алар?

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПАРАДИГМАСЫ

Ал Дүниежүзілік экономикалық форумның негізін қалаушы әрі атқарушы директоры Клаус Швабпен кездесуде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аталмыш форумның «Астана» халықаралық қаржы орталығымен табысты ынтымақтастығы туралы айтты. Клаус Шваб Президентті 2023 жылы қантарда Давоста өтетін экономикалық форумға қатысуға шақырды. К.Шваб елімізде Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүзеге асырылып жатқан саяси және экономикалық реформаларды жоғары бағалады.

Мемлекет басшысының Нью-Йорк сапарындағы басты оқиға БҰҰ Бас Ассамблеясы 77-сессиясының жалпы дебатына қатысып, сөз сөйлеуі болды.

«Тәртіп пен жауапкершілікке негізделген әрі бұрын қалыптасқан халықаралық жүйенің орнын хаос пен болжауға келмейтін жағдай басып жатыр. Жаһандық тежеу мен тепе-теңдік жүйесі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтай алмады. Қауіпсіздік архитектурасы жойыла бастады. Әлемдік державалар арасындағы өзара сенімсіздік жылдам артып келеді. Әлем әскери қақтығыстардың жаңа толқынының құрбанына айналды. Біз бірінші рет екі буыннан кейін ядролық қаруды қолдану қаупімен бетпе-бет келдік», — деді Президент.



үшін пайдалы. БҰҰ аясында бекітілген құндылықтар жүйесі әлемнің түкпір-түкпіріндегі миллиондаған адамға үміт сәулесі болып қала береді», — деп сенім білдірді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ынтымақтастық рухына негізделген БҰҰ-ны басшылыққа алып, аталған құндылықтарды батыл

жетістіктің жоктығына алаңдаушылық білдірді. Ядролық қарусыздану Қазақстанның сыртқы саясатының негізгі бағыттарының бірі екенін айта келе, еліміздің ядролық қарудан азат әлем құру үшін күресін жалғастыратынын жеткізді. Биологиялық қауіп-қатерлерді азайтуға бағытталған шұғыл шаралар қабылдаудың да өзектілігін атап өтті. Осы орайда Президент Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы бұрынғы бастамасын тағы да еске салды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Әділетті Қазақстанды құруға бағытталған еліміздегі ауқымды саяси және экономикалық реформаларға да тоқталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстандағы ішкі саяси оқиғаларға, атап айтқанда, президент мерзімінің қайта қарастырылып жатқанын атап өтті.

«Бұл — Қазақстанда демократияны дамытудағы тың серпіліс. Біз «күшті Президент — беделді Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласын қатаң ұстана береміз. Бұл формула Қазақстанның ұлттық мүдделеріне толық сәйкес келетініне сенімдімін» — деді Президент.

Талап ТІЛЕГЕН

Әлеуметтік кодекс



Тамара ДҮЙСЕНОВА, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі:

«ОТБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН ТЕТІГІ – ӘРБІР ОТБАСЫНА БЕРІЛЕТІН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖАРШЫ. БҰДАН БЫЛАЙ МЕМЛЕКЕТ ТАРАПЫНАН БЕРІЛЕТІН КЕПІЛДЕНДІРІЛГЕН КӨМЕКТІ АЛУҮШІН БҰРЫНҒЫДАЙ ҚҰЖАТ ЖИНАП, ӘР МЕКЕМЕНІҢ ТАБАЛДЫРЫҒЫН ТОЗДЫРУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ. 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАП ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ЖӨРДЕМАҚЫЛАРДЫ БЕЛГІЛЕУДІ ПИЛОТТЫ ТҮРДЕ ЖҮРГІЗУДЕМІЗ. НЕБӘРІ 20 КҮННІҢ ІШІНДЕ 20 МЫҢҒА ЖУЫҚ АЗАМАТҚА 5 ТҮРЛІ ЖӨРДЕМАҚЫ ЖӨНІНДЕ SMS-ХАБАРЛАМАЛАР ЖІБЕРІЛДІ. ҚАЗІР 5 МЫҢ АЗАМАТҚА ЖӨРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАЛЫП, 9 МЫҢ АДАМНЫҢ ҚҰЖАТТАРЫ ҚАРАЛЫП ЖАТЫР».

Юрий ИЛЬИН, төтенше жағдайлар министрі:

«2019 жылы өрт сөндірушілердің жалақысы 65 мың теңге еді. Бүгінде өтілі мен үстемені қоспағандағы жалақы – 109 мың теңге. Қазір Мемлекет басшысының тапсырмасымен қаржы және ұлттық экономика министрліктерімен бірлесіп, өрт сөндірушінің айлығын тым құрығанда 40 пайызға көтеруді ойластырып жатырмыз».




Ажар ФИНИЯТ, денсаулық сақтау министрі:

«2022 жылы дәрігердің орташа жалақысы 421 мың теңгеге жетті. Орта деңгейлі медицина қызметкері 235 мың теңге алады. Денсаулық сақтау саласында жұмыс істейтін басқа қызметкерлердің жалақысы биылдан бастап 20 пайызға көтеріледі. Маңғыстау облысында талап еткендей, олардың айлығын дәрігердікі сияқты 350 мың теңгеге өсіруге өзінше мүмкіндік жоқ».

ҚАНША АЛТЫН ҚҰЙМА САТЫЛДЫ?

(2022 ЖЫЛ, ТАМЫЗ)



Дереккөзі: Ұлттық банк

Аптаның алаңы

Ақмарал ӘЛНАЗАРОВА, Сенат депутаты



«Бағаны реттеудегі қазіргі тетіктердің салдарынан бөлшек саудадағы әлеуметтік маңызы бар қолжетімді бағадағы дәрілердің түрі азайды. Кейбір генериктердің бағасы түпнұсқадан да жоғары. Өмірлік маңызы бар препараттардың халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін отандық өндірушілердің өл ішінде, оның ішінде субсидиялау тетіктері арқылы олардың өндірісін жолға қою мәселесін шешу қажет. Маңызды дәрі-дәрмектердің тізімі анықталуы тиіс. Мұндай тізімдер бүгінде әлемнің 137 елінде қалыптасуда. Бұл басымдылықты анықтау, сондай-ақ осы препараттарға неғұрлым тиімді баға белгілеу үшін маңызы аса зор».

Журналистік зерттеу

(Басы 1-бетте)

БІЗДІ ҮЙ КЕЗЕГІНЕ ҚОЙМАДЫ!



Тұяқ ЕСХОЖИНА, Талғар ауданының Құрметті азаматы:

БҰЛ ҚЫСАСТЫҚ ЖАНЫМА ҚАТТЫ БАТТЫ...

Абайдың «күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты» дегенге саяды бұлардың тірлігі. Жалпы бұл дау өзі неден тұтанды? Казак «аталатсаң аталат, боталатпа» демейтін бе еді. Мен ботамнан айырылып, қайғыдан қан жұтып отырған адаммын. Үлкен ұлым қайтыс болды. Оның жалғыз қызы бар еді, өмірге келгенде жүрегінде ақауы болды. Сол немерем 14 жасында өмірден өтті. Әкесі жалғыз қызының қазасын көтере алмай, көп ұзамай дүние салды. Сондай қайғыдан қайғы жамылып жүргенде мынадай жағдайға тап болып, жолымды бөгеушілер тағы да шықты. Жаңа өзін де сұрап отырсын «бұлардың артында қандай да бір топ бар ма» деп. Кім біледі, ол жағы бір Аллаға аян. Осы «Нұр» балалар үйі ашылғалы менің мына тайқы маңдайым не көрмеді! Таякка да жығып кетті, баска да көрсеткен қысастықтары жетерлік. Қайсыбірін айтаын оның.

«Бізді үйдін кезегіне қоймады» деп шулағандар о баста ұзын-ырғасы 36 бала болатын. Кейін 10 шақтысы ғана қалып, арыздың ақырына жетеміз деп жүр. Сондағы маған таққан айыптары «Тұяқ Қаскенқызы бізді үйдін кезегіне қоймады» екен. Айналайын-ау, менің оларды үйдін кезегіне қоятындай моральдық та, заңдық та құқығым жоқ қой. Басым көпшілігінің ата-анасы бар. Бірінің әкесі, бірінің шешесі дегендей. Үйдін кезегіне солар қоймай ма? Егер бұлар тұлдар жетім, ауру деген анықтамасы бар, болмаса, ата-анасы заңды түрде бас тартқан болса ғана мен үйдін кезегіне қояр едім. Бұл балалар біздің орталықта өсті. «Не кием, не ішем» демеді. Кезінде ата-аналары «баға алмадық, шамамыз жетпейді, шаршадық» деп жылап-снiреп есiгiмiздiен аттап әкелiп тастап едi. Мiне, сол балалардың арасынан осындай «жер астынан жiк шығарушылар» пайда болды. Осы балалар үйi ашылғанда бiр үйден үштен, тiптi бестен балаларын әкелiп орналастырып едi. Аңғал басымды, аңқаулығымды да пайдаланушылар өздерiнiң ыңғайына қарай iкемдеп әкете берген екен. Оның бәрiн кейiн маңдайыма таяк тигенде барып бiлдiм.

Ендi мәселеге келейiн. Бұл балалар осы орталықта тұрды, ақ төсекте ұйықтады, не iшем, не киемге бас ауыртып мазасы қашқан жоқ. Жолдасымның айлығын, менiң тапқан табысымды, жеке кәсiпкерлердiң қолдау-көмегiн ортаға салып, асырап келдiк. Ақыры, мiне, 36 бала жырылып шығып, бiлмейiн, бiреулердiң айтағына ердi ме, осындай қадамға барып отыр. Немеремнiң қазасы, баламның өмiрден озуы екi есе қайғы болғанда, бұлардың қысастығы да жаныма қатты батып отыр. Бұл балаларды арғы жағында бiреулер айтқаптан, сөздерiне сүйеу болып отыр ма деп те сезiктемемiн.



Ұлан ҚАЛДЫБАЕВ, әскери офицер, капитан:
«Тұяқ анамыздың қолына 1998 жылдың көктем айында келдім. Мені 5-сыныптан бастап Астана қаласындағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» әскери мектебіне оқуға түсірді. Сонда біз бес бала барып құжатымызды өткізіп, сынақ емтиханын тапсырдық. Солардың ішінен менің бағым жанып, оқуға қабылдандым. Жеті жыл оқып, 2008 жылы бітіріп шықтым. Алматы қаласындағы радиоэлектроника және байланыс әскери инженерлік училищеге жолдамамен қабылдандым. Оқуымды тәмамдаған соң 2013 жылдан бастап әскери бөлімдерде взвод командирінен рота командирі лауазымына дейінгі қызметтерді атқардым. Біз бұл орталықта киімнен де, тамақтан да ешқандай таршылық көргеніміз жоқ. Жаз мезгілінде Тұяқ анамыз бізді түрлі демалыс орындарына жіберетін. Демеушілер, меценаттар келіп түрлі мерекелік іс-шаралар, спорттық сайыстар да өткізіп тұрды».

«Нұр» балалар үйін не үшін аштым дейсің бе? Өзім әке-шешеден жалғыз болып өстім, есейдім. Есімімнің Тұяқ аталуы да сондықтан. Жетімдіктің зардабын тартудай-ақ тарттым. 13 жасымда ауылдан кетіп, содан бері өз жүгімді өзім аркалап келе жатқан жанмын. Басымнан өткен тағдыр болған соң да жетімдер жыламасын, жылудық көрсін, ата-ананың мейіріміне қанып, өссін деп Алматыдан Талғарға қоныс аударып, қаладағы үйімізді сатып осы жолды таңдадық. Сөз басында айтқанымдай, демеушілердің, кәсіпкер азаматтардың, халықтың қолдауымен осы күнге жетіп отырмыз. Балаларды оқыттық, 9-сыныптан кейін колледжге барам дегендерді, мектеп бітірген түлектерді жоғары оқу орындарына өздерінің қабілет-қарымына қарай түсіріп, оқыттық. Міне, солардың ішінен осындай шағын шоғыр шығып отыр. Бұлар Талғар аудандық әкімдігіне барған да «бізді үй кезегіне қойыңдар» деген талап айтқан. Ал әкімдіктегілер «сендерді кезінде Тұяқ Қаскенқызы үй кезегіне тізімдетіп қойдыруы тиіс еді, уақытты өткізіп алған екенсіңдер» деп шығарып салған. Содан кейін олар сотқа берді.

Ашылғаннан бері қарай біздің орталықтан 950 бала тәрбиеленіп, есейді, үлкен өмірге аттанды. Міне, солардың ішінен осы 36-сы жырылып шығып, өздерінің су ішкен құдығына түкіріп, өскен ортасына таңба салып отыр. Олардың ойынша, айтқан уәжіне құлақ түрсең, мен бұл арызданушы балаларды кезінде үйдін кезегіне қоюым керек екен. Айналайын-ау, мен бұлардың ата-анасы бар, олар ата-аналық құқығынан айырылған емес, үйдін кезегіне солар қоюға міндетті, айналып келгенде, бұл шаруаның бәрі де әкімдіктерілердің күзиретінде.

Бұл балалар менен аттап өтіп, көпшіліктің алдында абыройыма нұқсан келтіргісі келеді. «Нұр» балалар үйін не үшін аштым? Басымдағы баспананы сатып, жиған мал-мүлкімді қоса саудалап, осы ауыр аманатты арқалауға бел бұғанда тілегенім осы ма еді? Әрбір баланың оқуына барынша күшімізді салдық. Тіпті Астана қаласындағы Сағадат Нұрмағамбетов атындағы «Жас ұлан» мектебіне балаларды пойызбен апарып оқыттық. Еліміздің жетекші жоғары оқу орындарына да беделімді, абырой, атағымды алдыға сала жүріп, ұлдар мен қыздардың жоғары білім алуына жағдай жасадым. Бірнеше қызымызды қолымыздан ұзатып, жасау-жабдығын өзіміз әзірлеп, құтты ұясына қондырдық. Міне, 1998 жылдан бері қарай жетім балалар көшеде қаңғымасын деп жанталастық. Қазак қашанда жетімнің көз жасынан қорыққан, наласынан қалмауды ойлаған. Сондай текті ұрпақ бүгінгі қоғамда жетімін көшеге тастаса не болады деген аналық көңілмен ашқан үйіміз еді.

«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» дейді, бағып-қаққан



балаларымның барлығы бірдей арызқой демеймін. Білмеймін, жіктің жер астынан қалай шыққанын осы бір үркектей топ әлі де шулатып келеді. Талғар ауданының әкімдігі бар шаруаны маған артып жіберіп, үй кезегіне тұра алмай жүргендерді «Нұр» балалар үйіне қарай бағыттап отыр. Қайырымдылық үйін ашқалы тайқы маңдайымыз не көрмеді. Бір емес, 27 (!) рет тонап та кетті біздің орталықты. Ешбіріне арыз жазғам жоқ, табылмайтынын, әңгіме көпке созылып, соны сиырқұймышақтанып кететін білдім де, бір Алла жазасын бер деп қойдым. Осындай кедергі қиындықтардың өткелегінен өтіп жүріп, балаларды жазғы демалыс маусымында еліміздің іргелі демалыс орындарына сауықтыруға жіберіп тынықтырдық. Түрлі іс-шаралардан да қалыс қалған емес.

Жақсы, мен бұл балаларға тамақ, киім тауып берудің қамында жүріп, үйдін кезегіне қоя алмаған

екем, алды 2-3 жаста келіп, мектеп бітіргенше, тіпті студент атанғанда да осы орталықта тұрған балалар бар. Солар өз қолы, өз аузына жетіп, біздің орталықтан 24-25 жасында кетті. Неге өздері барып әкімдіктен білмеді, өзінің қамын өзі күйттеудің орнына сексенге жасым таяған маған ысырып қойғаны қаншалықты ақылға қонымды?

ДАУДЫҢ КӨЗІ – ҮЙ КЕЗЕГІ

Осы мәселе бойынша Талғар аудандық әкімдігіне бардық. Аудандық білім бөлімінің басшылығы бас сұқтық. Аудандық білім бөліміне басшысы Қарлыға Айсабекқызы денсаулығына байланысты ем алу демалысындаа екен. Білім бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Ләззат Құрманбаеваға бардық. Жаңа оқу жылы басталып, ауданның оқу саласындағы мамандары бірі кіріп, бірі шығып сапырылысып жатыр. Сүт пісірім уақыт күтіп, реті келгенде Ләззат Серікқызына мән-жайды ұғындырдық. «Мен сектор меңгерушісімін, менің күзіретіме жатпайды, жауапты аламдары келеді, солардан білерсіз» деп ұзатып салды. Жауапты адам деп бағдар сілтегені Талғар аудандық білім бөлімі мемлекеттік мекемесінің заңгері Ақан Данабеков екен. Бұл кісінің де нөмірін теріп едік, сол күні (19 қыркүйекте) Қаскелең қаласында ювеналды сот процесінде жүргенін айтты. Ақан мырза бұл мәселе туралы, яғни балаларды қамқорлыққа алуға қатысты сауалымызға жауап бере алмайтынын жеткізді. Өйткені дәл осы мәселе бойынша Қаскелең қаласындағы №2



мамандандырылған ауданаралық сотта осы іске қатысты процесс жүріп жатыр екен. Заңгер А.Данабеков судья қандай да бір шешім шығармайынша, ешқандай пікір білдіре алмайтынын жеткізді

Сот процесіне талапкерлердің сенімді өкілі қатысып жүрген заңгер Арай Байболова осы мәселеге қатысты былай дейді:

«Қазір алдын ала сот отырыс жүріп жатыр, басты сот талқылауы әлі тағайындалған жоқ. Дайындық мерзімі аяқталған соң соттың өтетін күні белгіленеді. Мен осы 10 талапкердің атынан сенімді уәкіл ретінде қатысып келемін. Бұл балалар «Нұр» қайырымдылық үйіне қабылданғанда Тұяқ Қаскенқызы әкімдікке барлық құжаттарын өткізіп, ата-аналық қамқоршылықты өзіне алғандығы туралы құжат алған. Өйткені бұлардың ата-анасы қайтыс болған, кейбірінің

ҚАҚ ЖАРЫЛҒАН КӨЗІҚАРАС

Бір қолдың саласындай бір үйдін баласындай болып, тату-тәтті өмір сүріп, Тұяқ Қаскенқызының шарапатына бөленіп, қанаттанып ұшқан жастар биылғы жылдың көктемінен бері екіге жырылып отыр. О баста 36 бала «бізді тұрғын үйдін кезегіне қоймады» деген мәселе көтерілгелі дай-дай болған қос тараптан да өздерін өсірген Тұяқ Есхожина туралы пікірлерін білдік.

Зәуреш ШЫНАШЕВА, «Нұр» қайырымдылық үйінің түлегі:

«Мен де анамыз Тұяқ Қаскенқызының шарапатын көрген жандардың бірімін. «Үйдің кезегіне қоймады» деп шулатып жүрген замандастарымның әрекетін құптамаймын. Солармен қатар өзiм де өстiм, бiрге ойнап-күлiп есейдiк. Анамыз бiз үшiн жанын шүберекке түйiп жүрiп жетектiздi. Демеушiлер, атымтай-жосмарт азаматтар, елдiң көрсеткен қамқорлығымен осы күнге жетiп отыр. Кейбiр қыздарды өз қолыммен ұзатты. Аналық мейiрiмдi, қамқорлықты бiз осы «Нұр» үйiнен алдық. Бұлар секiлдi мен де үй кезегiне анамыздың қолында болғанда тұрғам жоқ. Тек тұрмысқа шығып, өз күнiмдi көремiн деп бөлек шыққан соң әкiмдiкке барып үйдiң кезегiне тұрдым. Өзiмнiң жағдайымды өзiм жасап, әрекет етiп келемiн. Анамызға ешқандай өкпе артпаймын. Тұрмысқа шыққан 21 жасқа дейiн Тұяқ анамыз бiздi қанаттыға қатырмай, тұмсықтыға шоққатпай өсiрдi, жетектiздi. Ендi неге бiз осындай қамқорлық жасаған адамға кiнә артып, айыптап

сөйлеймiз? Мен мұны түсiне алмаймын. Бұлардың «Нұр» балалар үйiне деп берiлген жердi сұрауы негiзсiз деп санаймын. Өйткенi ол жер Тұяқ Қаскенқызының жеке өзiне емес, қайырымдылық үйiне 49 жылға жалға берiлген. Анамыз сол жерге осы түлектерге деп үй салу үшiн демеушiлер iздеп те табанынан таусылып жүр».

Жандос ҚАРЖАУБАЕВ, «Нұр» қайырымдылық үйінің түлегі:



«Мен 7 жасқа толғанда әкем қайтыс болды. Анам өмірден өткенде 12 жаста болдым. Алматыға ауылдан 9-сыныпты аяқтап келдім де, Талғардағы менеджмент және аэробизнес колледжіне оқуға түстім. Құраторымнан көмек сұрап өзімнен кейінгі екі бауырымның бар екенін, үшеуіміздің бір жерде болғымыз келетінін айтып едім, колледж директорына ертіп кірді. Нәйлә Ұмбетова деген кісі Тұяқ Қаскенқызын жақсы таниды екен. Сол кісіге хабарласып, бізді «Нұр» қайырымдылық үйіне орналастырды. 2007 жылдың наурыз айынан бастап екі бауырыммен бірге сол орталықта өстік. Мектепті аяқтаған соң Тұяқ анамыз мені М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясына оқуға түсірді.

Біз осы балалар үйінде жүргенде «сендерге жер алдық, сол жерге үй салып береміз» деген сөзіне иланып, үйдің кезегіне тұрмадық. Ал қазіргі күнде тұрғын үйдің кезегіне тұрайын десек, жасымыз 29-дан асып кетті. Бізді Тұяқ анамыз өсірді, бақты-қақты, оны жоққа шығармаймыз. Бірақ сол кісінің қамқорлығында болған жылдары бізді үйдің кезегіне қойса, мүмкін осы уақытқа дейін үй алып кетер ме едік. Ал егер өзі сарсаңға салынып жұрмес үшін бізге тым болмаса бағыт-бағдар беріп ақылын айтса, өзіміз де жүзірер едік. Қазір, міне, отбасын құрып, бала бағып отырмыз. Басымызда баспана жоқ, тапқан-таянғанымыз шайлығымызға әзер жетеді».

ТҮЙІН

Бұл мәселенің тамыры тым тереңде. Өйткені бір жағынан жастардың тағдыры таразыға тартылып отыр. Тұяқ Қаскенқызының де қажырлы еңбегі елдің есінен шықпақ емес. Даулы мәселенің нүктесін жоғарыда айтылған ауданаралық сот қояды. Шешім қалай шығалы, талапкерлердің талабы да сол бойынша орындалмақ.

Біз бұл мәселені назарда ұстаймыз.

Қуаныш РАЗАҚ, Талғар ауданы Алматы облысы

MEGAPOLIS

Шымкентте инфрақұрылым мәселелері оң шешімін тауып жатыр. Әсіресе, инфрақұрылыммен қамтылуы өзекті болып тұрған Ынтымақ-2, Асар-2, Көкбұлақ, Қайнарбұлақ елді мекендерінің бойына қан жүгіргендей. Электр бағаналары тартылып, интернетпен қамтылып, ауыз су мен табиғи газға қол жеткізген тұрғындардың қуанышында шек жоқ.

АБАЙ АУДАНЫ

Абай ауданы бойынша айтар болсақ, 2 390 тұрғыны бар Көкбұлақ елді мекеніне былтыр толық оптика желісін тартып, интернетпен қамтылды. Тұрғындар ауыз су мен жарыққа 100 пайыз қол жеткізген. Көгілдір отынмен осы жылдың ІІІ тоқсанында қамтылады, құрылыстың 90 пайызы атқарылды. Тұрғындардың өтініші бойынша осы жылы Есбол қажы көшесінің 800 метрі жарықтандырылды. Қазіргі таңда 9 көшенің бесеуіне тас төселсе, төртеуі асфальтталды. Жалпы былтыр 6 шақырымға шағал тас төселген. Келер жылы Ағыбек ата, Үркінбай ата, Жомарт ата көшелеріне асфальт төселеді. Ал 2024 жылы Маңлай ата мен Жангелді батыр көшелері асфальтталатын болады.

Қоғамдық көлік мәселесі шешілген. №146 және №180 маршруттары жүріп тұр. Алтынтөбеде 9,5 шақырым жаңа электр желілері тартылып, 4 трансформатор, 300 ЖБИ бағаналары орнатылды. Қазіргі таңда абоненттеу жұмыстары жүргізілуде. Сапалы табиғи газбен қамту бойынша құрылыс жұмыстары былтыр аяқталған. Қазіргі таңда газға қосу жұмыстары жүргізілуде. Ізгілеу көшесі мен Бадам тас жолы жарықтандырылған. Жалпы Алтынтөбеде 11 көше бар, соның 4-еуі асфальтталған. Осы жылы О.Жамалов, Нұрлыбай және Өтебай көшелеріне асфальт төселді.

Тұрғындардың спортпен айналысуы үшін де жағдай жасалып, былтыр бір спорт аланшасы пайдалануға берілді. Абай ауданы аумағындағы Ігілік тұрғын алабының Бабата көшесі тұрғындарының жыл басында әкіммен кездесу барысындағы өтініштерінің бірі көшеге асфальт төсеу болатын. Соған сәйкес, орташа жөндеу жұмыстары сәуір айында басталып, қазіргі таңда асфальтбетон қабатының 1 қабаты төселді. Жолдың жалпы ұзындығы 1 шақырымды құрады. Салынып жатқан жол сапасын Шымкент қаласының әкімі арнайы барып тексеріп, тұрғындармен кездесті, арыз-шағымдарын тыңдады. «Жол активтері сапасының ұлттық сапа орталығына» асфальтбетон қабаты бойынша сараптама жүргізуді тапсырған шаһар басшысы, жол салу жұмыстарының әр кезеңінде сапа бақылауының маңыздылығына тоқталып, жоспарға сәйкес, магистралды көшелерімен қоса, ішкі орам көшелерінің сапасы басты назарда екенін атап өтті.

Абай ауданына қарасты Ынтымақ-2 шағын ауданының Батыс бөлігінде 2 071 үй орналасқан. Инфрақұрылыммен қамту мәселесі өзекті. Қазіргі таңда газ, су, жол, жарықтың жырын шешу үшін құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Шымшаһар басшысы М.Әйтенов аталған елді мекенге барып, нысандар құрылыс сапасын тексерді, тұрғындарымен кездесіп, өтініш-тілектерін тыңдады. Айттып өтейік, аумақты электр қуатымен қамту мақсатында мердігер «Туран Энерго групп» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Ал «Энергоресурс Шымкентгаз» ЖШС газ құбырларын тартумен айналысуда. Екі нысанның да құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталып, абоненттеу жүргізіледі. Көшелерді асфальттау 2023 жылдан бастап кезек-кезеңімен жүзеге асырылады. Қазір мұнда 22 көше бар. Төртеуі асфальтталған, 15 жолға тас төселген, қалған үшеуі топырақ жол. Шағынауданда 1 мектеп, 3 балабақша бар. Батыс бөлігіне 900 орынды мектеп салу үшін 2,46 гектар жер телімінің құжаты рәсімделіп, қазір жобалық-сметалық құжаты әзірленуде.

І спорт аланшасы ел игілігінде, былтыр берілген. Кездесу барысында шешімін тапқан мәселелер үшін алғысын білдірген тұрғындар өз арыз-шағымын шаһар басшысына жеткізді. «Бұрын ауыл белсендісі ретінде тұрғындардың мұқтажын жеткізу үшін бармаған жеріміз қалмайтын. Нәтижесін де көрмедік. 2020 жылдан бері өзіңізбен жиі кездесіп, өтініштеріміз орындалып жатыр. Енді жолымыз асфальтталып, сапалы электр энергиясын тұтынатын күн де алыс емес деп ойлаймын», — деді ауыл биі Ә. Балғабайұлы. Мәселелердің таяу арада оң шешімін табуы үшін қала әкімі арнайы хаттама толтырып, сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

Шаһар басшысы Абай ауданына қарасты Жанаталап тұрғын алабында жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарын бақылады. Былтыр елді мекеннің 6 мыңнан астам тұрғыны ауыз сумен қамтылған болатын. Ендігі кезек сапалы электр қуатында. «Жанаталап» подстансасы құрылысының 90 пайызы аяқталған.

Қазіргі таңда жалпы ұзындығы 42,2 шақырымға электр желілері тартылуда. Оны аяқталу мерзімі қазан айының соңына жоспарланған. Шаһар басшысы ауыл аксақалдары мен қоғам белсенділеріне құрылыс жұмысымен қатар

ЕҢБЕКШІ АУДАНЫ

Еңбекші ауданындағы жаңа құрылыс аумағында орналасқан Қаратөбе, Қарабастау, Абдулабал, Тоғыс, Жұлдыз, Бадам-1, Жыланбұзған, Айнатас, Базарқакпа сияқты



ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ МҮЛТІКСІЗ ҚАЛА



абоненттеу жұмыстарының жүргізілуіне жергілікті тұрғындарды жұмылдыру керектігін айтып өтті. «Абоненттеу, ескі жүйені жаңа жүйеге қосуға да уақыт кетеді. Сондықтан құжаттарды қазірден бастап

елді мекендерге электр желісі тартылып, аяқталуға жақын. Қыркүйек айының соңында 1 700-ден аса абонент сапалы электр қуатымен қамтылады. Қала әкімі Еңбекші ауданындағы жанақұрылыс аумағында орналасқан елді мекендерде жүргізіліп жатқан инфрақұрылым нысандары жұмыс барысын тексеріп, тұрғындармен кездесті. Қазіргі таңда электр қуатымен қамту



жұмыстардың 90 пайызы атқарылған. Қыркүйек айының соңында «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС тарапынан

абоненттеу жұмысы жүргізілмек. Нәтижесінде, Қаратөбе, Қарабастау, Абдулабал, Тоғыс, Жұлдыз, Бадам-1, Жыланбұзған, Айнатас, Базарқакпа елді мекендеріндегі 1 729 абонент сапалы электр қуатымен қамтылады. Ауыз су құбырлары жүйесін орнату жұмыстары 11 пайызға орындалған. Нысан 2023 жылы аяқталмақ. Аталған елді мекендерді табиғи газбен қамту бойынша жобалық-сметалық құжаттар әзірленуде. Қала басшысы абоненттеу жұмыстары барысында



тұрғындардың жұмыла әрекет жасау керектігін атап өтіп, сала басшыларына бұл істі тиімді ұйымдастыруды тапсырды. Еңбекші аудан аумағына қарайтын Маятас тұрғын алабының Қ.Нысанбайұлы көшесі бойына ирригациялық науалар орнатылуда. Жалпы Еңбекші ауданы бойынша Тоғыс, Маятас, Бадам-1 тұрғын алаптары мен Шаңырақ шағын ауданында 1,6 шк құрайтын арықтар қазылуда. Екі ай бұрын басталған жұмыс қазан айында аяқталады. Құрылыс жұмыстарының сапасы мен ауқымын межелеген қала әкімі бұған дейін берген тапсырмаларының тиянақты орындалуын талап етті. Ол: «Ауа райының қандай болатынын болжап біле алмаймыз және мол жауын-шашын



Биылғы қамтылу көрсеткіші 98 пайызға болса, 2023 жылы мегаполистегі барлық елді мекендер 100 пайыз сапалы электр қуатымен қамтылатын болады.

жауғанда дайын болу үшін аумақтағы арық-атыздар салынып бітіуі керек», — деді. Айттып өтейік, былтыр аудан аумағында 13 мекенжайда 3,3 шақырым ирригациялық арықтар салынды. Биыл жауын-шашын шамадан тыс жауды. Су басудың алдын алу үшін бірінші кезекте 7,3 шақырымды құрайтын 21 нысанға ирригациялық жүйелер салу жоспарланды. Қазірге дейін 14 мекенжайда жалпы ұзындығы 5,3 шақырым болатын арықтар салынып, бітуге жақын. Олар: Қарабастау т.а. Бойыт ата, Қаратөбе т.а. Гулабал, Қаратөбе т.а. Наурыз, Тоғыс т.а. Керуенсарай, Бадам-1 т.а. Досметов, Ш.Уәлиханов №190, Қызғалдақ, Теріскей №47, Сайрам №38а, Өркен, Б.Момышұлы, Сайжол. Қалған 31 мекенжайға ирригациялық жүйелер 2023-2025 жылдар аралығында жүргізіледі.

ҚАРАТАУ АУДАНЫ

Қаратау ауданына қарасты Азат шағынауданы тұрғындарының газ мәселесі шешімін тапты. Мұнда 8,9 шақырым газ құбыры тартылып, жұмыс толық аяқталды. Нәтижесінде 519 абонент көгілдір отынмен қамтылмақ. Қазіргі уақытта «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Шымкент филиалы тарапынан абоненттеу жұмысы жүргізілуде. Биыл қала бойынша 15 нысанда газбен қамту құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Жыл соңында Батыс, Арғымақ, Ақтас, Ақтас-2, Ақжар, Көкбұлақ, Нұртас, Тұран 2 кезек, Сәуле елді мекендері және Ақтас магистралды жүйелердің құрылысы аяқталады. Нәтижесінде 34 мыңнан астам адам табиғи газ жүйелеріне қосылмақ. Инфрақұрылым бойынша шағымданатын шағынауданның бірі — Қайнарбұлақ десек, елді мекенді инженерлік инфрақұрылыммен қамту жұмыстары қарқын алған, десек те бірқатары келесі жылға өтпелі. 60 750-ге жуық тұрғыны бар Қайнарбұлақта қазір 329,8 шақырымды құрайтын ауыз су құбырлары тартылуда. Әзірге 50 шақырымы біткен.



Табиғи газбен қамту жұмыстары екі секторға бөліп жүргізілуде. Жанақұрылыс тұрғын алабында ұзындығы 233,4 шк болатын газ жүйелері тартылуда. Саяжай алабында газ жүйелерінің ұзындығы: 206,7 шақырым. Екі сектордағы құрылыс жұмыстарды келесі жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған. Сонымен қатар электр жүйесімен қамтудағы жұмыстар 2023 жылдың ІІІ-тоқсанында аяқталмақ. Жалпы электр жүйелерінің ұзындығы 68,6 шақырымды құраса, осы кезге дейін жұмыстың 40 пайызы орындалды. 2020 жылы Центральная көшесі, 2022 жылы Степная, Бөлешов, №125 мектеп көшелері жарықтандырылды. Ал 2023 жылы Дружба, Фабричная, Металлург, Заводская, Құрабеков, Шанин, Жанақұрылыс көшелері түгелдей жарықпен қамтылады. 15 мыңнан астам халқы бар «Асар-2» шағынауданында да инженерлік жүйелерге қатысты мәселелер оң шешімін табуда. Қазіргі кезде ауыз су жүйелерін салу жұмыстары ІІ кезеңмен жүзеге асуда. Нысан құрылысы былтыр аяқталса, биыл екінші кезеңмен екі аумақта абоненттеу жұмыстары жүргізілуде.

Құрылыс толық аяқталғаннан кейін тұрақты түрде сапалы ауыз су берілетін болады. Қала әкімі сала басшыларына абоненттеу жұмыстарын тиімді ұйымдастыруды жүктелді. Бұдан бөлек, шағынауданда 39,6 шақырымды құрайтын көріз жүйелерінің құрылысы жүруде, жұмыстың 55 пайызы атқарылды. Ал газ тарту жұмыстарының 50 пайызы орындалып, бір аумақтың құрылысы толығымен аяқталды.

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖАҢАРУДА

Жылу жүйелерінің тозу деңгейін төмендету мақсатында бұл жылы 19,4 шақырымдық ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бүгінге дейін оның 17,8 шақырымы жөндеуден өткен (92 пайыз). Соның ішінде, Толстой — Адырбеков көшесінде 357 метр жылу құбыры ауыстырылуда. Бүгінде оның 267 метрі аяқталса, қыркүйек айының соңына дейін бұл жұмыс толығымен аяқталады. Жұмыс барысымен танысқан қала әкімі М.Әйтенов тиісті сала басшысына жылыту маусымы кезеңіне дейінгі қажетті шаралардың талапқа сай және уақытылы атқарылуын тапсырды.

Мәлім КЕНЖЕБАЙ, Шымкент қаласы

Эссе

(Басы 1-бетте)

Соно-оу 70-ші жылдардың бел ортасы еді ғой... Классикалық күрестен КСРО спорт шебері, зілтемірші, шаңғышы, белтемірге тартылудан алдына жан салмайтын сайыпқыран, ақын, домбырашы, әнші, бүгінде батагөй дария-қария, әрине... ең бірінші — журналист Орысбай ағаммен осылай танысқан едім. Ол кезде «Лениншіл жастың» — Орағасы! Сейдаға *(Бердіқұлов)* бастаған жастар газетінің редакциясы барша басылымдар ішінде кісі есімін атауда ерекшеленетін — Ераға, Сатаға, Несәға, Қайраға, Қасаға, Жұмаға, Қуаға... Шіркін, «Лениншіл жастың» *(«Жас алаш»)* мақала жазу тәсілінің өзі үлкен бір мектеп! Ал енді осылардың ішінде Орағама ілтипатымыз бөлек! Жазғанын жатып-жастанып оқимыз. Аудандық газеттің өрендері Орағамызға ұқсағымыз-ақ келеді... жазғанымыз ұқсамай жатады! Ораған — үлгі! Орағанның өз ортасында да үлгі болғанына еш күмән жоқ, әрине.

Ең алғашқы кітабы — «Сымбат». Сол «Сымбатын» «Өз ұям, сүйікті семьям — «Лениншіл жас» газетіне арнаймын» деуінде үлкен мән жатыр-ау! Осы кітабында «...дене бітімі құйған құрыштай жасқа қызығып тұрамын. Алыса кеткім келеді. Денсаулығы мықтыларға басымды иемін. Ол өзін-өзі баптағанның арқасы. Өзім жете алмаған биіктерден басқаларды көруге құмартамын. Солардың ұсына түскен олжаны бар дауысыммен есірткім, хабарлағым бар. Алтын тұғырға інім, бауырым, құрбым, қарындасым, замандасым лайық болып жатса, қалай ғана жар салуға асықпайын!» деп төгіп-төгіп сыр шертетін де осы Орағам.

Орағам шығармашылық қызметін балалар журналы «Балдырғаннан» бастаған. Одан «Лениншіл жас», «Жалын» журналы, «Жеті жарғы» баспасы, жоғарыда еске алған облыстық «Жетісу» газеті. Әсілі, үш құрдастың қайда барса да жұбын жазбай бірге жүруі осы басылымнан басталған-ау!?. Орағам бұл

түсі суық емес. Кейде онысын бұл кісінің «ҚазГУ»-дің журфагін емес, Жоғары партия мектебінің журфагін бітіргендігінің салдарына балайтынмын...

Жұмаш ағам астаналық облыстың «Жетісу» газетінің жауапты хатшысы. Мен — үш орынбасарының бірімін... Кейін партия тұрмысы бөліміне аға тілшілікке ауысқанымда, ағамыз редактордың орынбасары болып тағайындалып, тікелей сол кісінің қарамағында қайта қызмет еттім. Шынын айтсам, Жұмаш ағаның нағыз болмысын осы бөлімде жүргенде байқадым. Мұндай мұкият, мұндай тиянақты, мұндай «әріп жеген» бейнетқор-мехнатшыл жан болар ма? Облыстық партия комитетінің барлық құжаттары орыс тілінде дайындалатын. Босағасын милиция күзететін сесті ғимараттың іші толға қазақ, бірақ құжаттары орыс тілінде... Облыс басшысынан бастап нұсқаушысына дейін, солардың атынан түскен материалдар

Қастегінде туып-өскен «құралайды көзден атқан» атакты аңшының бел-баласы екен. Таршылық заманда әкесі атып әкелген тау ешкілерін ауыл жұрты талғажаулаған. 1932 жылы шектен тыс «мазасыздана» берген Қастектің үстінен ұшырып елді үркітпекші болған айырланды Жұмаш ағамның жаужүрек аталары тізерлеп қатар отыра қалып, шіті мылтықпен-ақ атып түсіргені тарихта жазылған... *(«Восстание в Кастеке». «Казправда», 1932)*

«Жетісудағы» журналистік соқпақта өзіме жеті жыл ұстаздық еткен, жазғандарымды түзеген де күзеген шебер, жеті жыл ішінде газеттегі автор макаласына адалдық танытып, жанашырлықпен қызмет етуді үйреткен де осы Жұмаш ағам! Жұмаш аға! Қазақстанның «Құрметті журналисі», Қазақстан Журналистер академиясының академигі... Қазір ғой, сол Жұмаш ағамды зейнеткерліктің еңбек өтілін

Әткеншекті де, әншіні де, бауырсақ пен бала-шағаны түк қалдырмай фотоаппарат үлдіріне тізіп үлгерген Нұрманбет ағамның... төбелесті де түсірмек болған қызығушылық ниетінің аяғы сонда ғой, ұшығып кете жаздағаны... мәңгі есте қалды!

Газеттің жауапты хатшысы Басқар Битановтың тапқырлығында шек жоқ еді, менің үрейлі «Ойбай, аға қаштық» үнімді бейне кеңседе отырып естігендей-ақ, макаланың тақырыбын «Басы тойдай, аяғы «ойбай» немесе...» деп өзгерткені де жалымда. Бір газетте жеті жыл бірлесіп қызмет еткен, одан кейінгі жылдарда да талай іс-сапарға бірге шыққан, өтінішінді екі етпейтін белгілі фотомерген Нұраға туралы тізбелеп айтсақ, жыр таусылар ма?! «Тастысай» оқиғасы» соның бірі! «Жетісудың» жеті бөлімі болса, әр бөлімде үш журналист бар, солардың барлығымен іс-сапарға шығу фототілшінің айнамас кәсіби міндеті. Ол — ол ма, Нұрағам Қапшағай қаласында тұрады... Күнделікті екі қала арасын көк қылып, күнделікті шығатын газеттің бетін суреттермен, фоторепортажбен толтырып, көркемдеп беру кәсіби фототілшілер арасында екінің бірінші қолынан келетін іс емесі ақиқат! Нұрағам бөріне үлгерлі! Ағамның тиянақты ісіне халық құлағдар, бірде, әуелім, Шерағам Нұрағамды «Егеменге» қызметке шақырған...

— Шерхан Мұртазадай алптың алдына барып, «Алматыға туу Қапшағайдан келіп жұмыс істеймін, астанадан баспана алып беріңіз» деп айтуға қысылдым. Алдымен үлкен «рахметімді» айтып, кешірім өтіндім... Облыстық газеттің өзінде үй көрмеймін, республикада жайым қалай болады деген жүрексінуудің салдары. Сол күні Шерағамның меселін қайтармай, «Егеменнің» есігінен ене салуым керек пе еді?! «Бір кем дүние!...»

Ақсақалдық абыройлы жасында Нұрманбет Қизатұлының он шақты кинофильме түсіп, ірілі-ұсақты кейіпкерлер бейнесін сомдап тастағаны, тіпті көңіл аударарлық оқиға. «Ынтымақ ауылы» сериалы, жарнамалық роликтер, т.т... талайыңыз көрген де боларсыздар! Ғажап! Фотоөнердің шынайы майталманы, «Қазақстан журналистикасының қайраткері» — Нұрағам қарасөзбен, меілі жыр жолдарымен қалам тербесін, кәдімгі сақа ақын-жазушылардан қалыс қалып көрмепті. Десек те, киноның аты кино — синтездік өнер, қаражаю адамға кейіпкер рөлін сомдай салу да онай емес. Ал Нұрағама бұл өнер бейне алпыс жыл асынған фотоаппараттың түймесін баса салғанмен бірдей болып баралы, қалай? Менің бір білетінім, соно-оу жылдары «Қызыләскер» ауылында тұратын пошташы Қизат ақсақалдың қаршалай қағылз баласы Нұрманбеттің Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романын ауыл сахнасына *(ескі үйдің құламаған қабырғасы — сахна!)* лайықтап шығарғаны...

Белгілі жазушы, жамбылтанушы Нағашыбек Қапалбекұлы сол «Қызыл әскер» театры туралы былай еске алады: «Алпыс жыл бұрын дейінші. Баламыз, кеш түсе «ауыл драматургі әрі режиссері Қизатовтың театрына» кісі көп жиналады. Дүркін-дүркін шапалақ. Үлкен-кіші риза. Ғайша сұлу басына түскен қасіреттен қалай құтылмақ, ойпырмай, енді не болмақ деп елтіп отырғанымызда ғой, сахнаға кимешекті бір апамыз шыбықпен шығып, басына орамал тартып отырған «жап-жас апаны» сахнадан зырылдағып қуып ала жөнелгені... Жұрт одан бетер қыран-топан. Сөйтсек, әлі көмелеттік жасқа толмаған Бакытгүл өпкеміздің басына орамал жамылғанына «күйіп кеткен», қызын кеш танып қалған көрермен анасы екен ғой спектакльді бұзған».

— Ойбай, қызы бұзау іздеп шықса, шешесі шыбығын алып артынан шығатын ауыл жұртының алдында, өмірдің шынайлығын көрсету онай болды дейсің бе маған, бәрі сол жастық энтузиазмнің арқасы ғой, шіркін! — дейді кешегі «ауыл режиссері», бүгінгі актер-Нұрағам. Сөйтсе-ек, бәрі де, ауыл сахнасынан, «Қалың мал» романының сценарийін жазудан басталған екен де!

Осы өмірде Орағам 15 кітап шығарса, Жұмағам «соның тең жарымы деген» көрсеткіште! Орағамның бір кітабының атауы — «Шапағат». Жұмағамның жүз өлеңдік соңғы жыр жинағы — «Күншуақ». Нұрағам өмір бойы жинаған бес кап фотосуретінен құрастырып, өткен жылы сынып журналының көлеміндей бір ғана нән кітап шығарды. Иллюстрациялық-фотоальбом «Жан шуақ»!



Ораға



Жұмаға



Нұраға

басылымға келгенге дейін әрі одан кейін жарыққа шығаратын бар жинағын жариялап, буып-түйіп қойған: «Сымбаттан» кейін «Өмірсерік», «Қолтаңба», «Палуан», «Туған жер дәмат», «Ұыз шак», «Шапағат», «Сөз бен саз»... «Ойтоғыс» «Аңыз бен нағыз» — есептегісі 15 кітап, былайғы жинақтарын санамаппын! Осыдан соң Орағамды «баспасөздің нағыз еңбек торысы» деп қалай айтпаймыз. Спортты жастайынан серік етіп шыныққан, шымыр ағам бұл күндері Алматыда түріктер салған ерекше ықшам ауданда тұрады. Қолы қалт етсе, аулаға шығады, ерте ме, кеш пе, бөрібір, субұрқакты жағалап ұзақ та көп жауу жүргенді жақсы көреді. «Жаяу жүргенде адамның ағзасы ширайды, басына ой толқындары тасқындап келе бастайды! Шіркін, ойсыз бір күн, бір сәт күн кешу мүмкін бе?!» дейді болмысы бөлек, ойтолғауы ерек Орағам!

МЫҢ МАҚАЛАҒА МӘЙЕК САЛҒАН, ЖҮЗ ӨЛЕҢІ ЖҮРЕК ЖЫЛЫТҚАН

— Ау, аға... иә, Томаш кім, Томаш? — Томашы несі-и... Оны қайдан шығардың? Тосыннан қойылған сауалға тосырмап жауап бере алмай қалған Жұмағама табан астында қолдау көрсетіп жібердім.

Құсым болып көліме, Қашан келіп қонасың? Сенсіз өмір өмір ме, О, Томашым, Томашым!

— Ары қарай оқи берейін бе? Жастық шағыңызда аға, сіз, венгр-мадяр қызына ғашық болғансыз ба? Сирек есім ғой? Сайлауқұл жеңешем бұл туралы біле ме? — Еее... .. венгрді қайдан тауып ала қойды десем, кәдімгі Тамара ғой, Тома! Әй, сен де... жеңешене дейін жазылған, біз де жас болғанбыз, немене?!

Сексен жылдық мерейтойына арнап кезекті екі кітабын шығарған Жұмағамның 100 өлеңнен құралған «Күншуақ» жыр жинағы ол кісіні «жақсы білеміз» деген әріптес інілерінің баршасын таң-тамаша қалдырған. «Жетісуда» жеті жыл қарамағында қызмет істегенде байқалмаған бұл өнер қай кезде жұғысты болды екен десем, ағамыздың алғашқы жыр шумағы соно-оу 1957 жылдың көктемінде-ақ *(«Көктем»)* дүниеге келіпті!.. 19 жасында Алматының Тамара сұлуына арнаған ғашықтық жыры анау!..

Менікі қазір пайда болған «батырлық». Әйтпесе, бұдан 35-40 жыл бұрын ондай көзсіз ерлік жасау ой түгілі санамызда да боп па?! Жұмаш Арғымбаев ағамызға әзіл айту арыстанның аузындағы жемтігін жұлқылаумен тең емес пе еді? Жайында, Жұмаш ағам жайлы мінезді жан. Десе де, алғашқы жылдары өз басым қызметтес ағамның салмақты мінезіне ет үйрете алмады. Өмірі күлмейді. Бірақ

тек «Жетісуда» қазақшаланатын да жататын. Қазіргі тілмен айтқанда, облыстық партия комитетінің аударма бөлімі дерсін! Орысша әдеби немесе ғылыми-дәрістік мәтінде жазылмайтын мұндай стиль көргеніңіз бар ма?! Иә, обком бөлімдерінің жылдап бір орында жылжымай отыратын «жылнамашылары» солай жазатын! «Социалистік Қазақстанға» рахат! Нөмірге салынатын бар дүние Орталық Комитеттен қазақшаланып келетін де, тегі болмаса, «СК» үшін ҚазТАГ-ы бар... Менің әлі күнге дейін таңқалатыным — Жұмаш ағам сол бір орысша түсініксіз тілде құрастырылған материалды газетке халыққа түсінікті, ұғынықты етіп қазақша жеткізетін. Мін таппайсың! Кейде бір немесе бір жарым парақтың сіресіп жазылған әлгіндей «обкомдық сәлемдемені» «менің қолым тимей жатыр елі, бір жағы өзіне пайда, тілінді сындыр» деп алдыма тастағанда ғой ақ тер, көк терге түсетінім! Ең бір жақсы қасиеті — нөмірге кетіп бара жатқан материалдың өзін асықтырмай, баппен аударсын дей ме, санасына болашақта азық болсын дей ме, Жұмаш ағам еш уақытта есікті қайтып келіп ашпайтын, басы артық мазаламайтын. Тым партияшыл «көрінетін» ағамның шынайы қазақы өр мінезін 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін байқадым...

Әдеттегідей, обкомда өтетін партия жиналысына өзі жіберген, бардым — естімегенім жоқ, «жынданып» оралдым. Облыстық партия комитетінің насихат бөлімінің бастығы, «бас жылнамашы» Долгирев деген біреу «Қазақтардың Алматыда сондайлық көбейіп кеткендігі «Желтоқсан оқиғасын» тудырды. Сондықтан СОКП ОК таяуда өз шешіміне сай Алматы мен Қапшағайдың арасында КСРО-да бұрын-соңды болмаған ең үлкен автомобиль заводын салады. Мындаған жұмысшы мен маман Мәскеу мен Горький қаларынан әкелінеді. Сөйтіп Алматыда өзге ұлт өкілдерін *(орыстарды)* молайтпасақ, ұлтшыл қазақтар қайта көтеріледі, интернационализм рухына сызат түсіреді» деп көкіді. Алматыда тұратын онсыз да аз қазақтың кімге шағынарын, кімге шабыларын білмей қанының қызып жүрген кезі. Менің «тігісін жатқызып» жеткізген әңгімеменен Жұмаш ағамның «көтерілгенін» алғаш сонда көрдім. «Тура сөйтіп айтты ма, о, сұмырай шала сауатты шал-неме. Демек Мәскеуден басымызға тағы бір пәле төніп келе жатыр, ол «жансыз» тегін айтқан жоқ бұл әңгімені...».

Редактордың орынбасары Жұмаш Арғымбаевты алғаш рет осы күні «таныдым». Әңгімеміз үйлесті. «Қаны бар» ағамен көп сырластық. Сөйтсем, үндемей сыр шашпай жүретін Жұмаш ағам кәдімгі Суықтөбенің

молайтқан соң екі құрдасымен лайықты сапта тұрысын — аттары да шырып қысқа қайырғанда үйлесіп, «Жұмаға» болсын деп жүргеніміз...

БӘРІ ДЕ «ҚАЛЫҢ МАЛ» РОМАНЫНАН БАСТАЛҒАН...

— Ойбай, Нұраға... Қаштық, болыңыз! Менің жаңұшырған даусым Нұрағамның құлағын елен еткізген секілді. Бірақ асыққанын байқамадым. «Өй, аға, өлдік!...» — Қазір. Қазір... Фотоаппараты мен мандайын жапқан ақ күмістей төгілген ұзын шашын артқа қарай тағы бір лақтырып тастап, тағы бір-екі рет қас-қағым сәтті қалт жібермей қағып алған Нұрағам «Болдық, болдық... кеттік, кеттік...» деп жеңіл көліктің есігін ашқанда барып, «үһ!» дедім. «Дүр» еткен «алтылық» ақ «Жигули»



атырылып, даланың тас төселген шоқалақ жолын шандатып, ұша жөнелді-ай... Рульдегі Нұрағамның екі көзі — алда! Шың қауіпті енді сезгендей ме ағам? Менің екі көзім артта — бізге қарай лап қойған дойыр көкпаршыларда... Жақындап қалған-ды, зәре-құтым қашып барады. Міне, октаудай түзу асфальт жолға іліндік. «Бас, ақ боз ат! Көлікті жүйткіте түскен Нұрағам бөріні айнадан-ақ байқап келе жатқан екен, әлден уақытта «Әй, қалды-ау деймін... Ойпырмай, сәл кідірсек, түрлері жаман, мәшинемізді таптап, өзімізді сабап кетпекші ғой. Өлтіреді, тура өлтіреді» деді. Бұл кезде «Тастысай» артта қалған.

Мақалама «Тастысайдағы» төбелес» немесе ауылдағы алғашқы Наурыз мерекесі қалай өтті?» деп тақырып қойдым. «Жау шапқан» тобырдың ерекше суреті де дайын!.. Ән аяусыз шырқалды. Наурыз көже — ас та төк! Мұндай тамаша бұл ауылда бұрын-соңды болмаған. Тек иықта көкпар тартуға жиналған жастар ішінде ішімдік ішкендер ши шығарып аякастынан, аттылы-жаяудың арасында ұшқан айкай адам айтқысыз «айқасқа» ұласты да кетті.

«Шапағат», «Күншуақ», «Жан шуақ»... Сезім шуағы мен себезгілген күн сәулесіне ерекше ынтық болған, оны шығармашылық шабытына серік кеткен ағаларым бұл кітаптарының аттарын өзара ақылдасып қоймағаны анық! Бірақ ойларының әркез, әйтеуір, орайласа қалатынына сүйсінеді екенсін!

Алматы облысының *(Қонаев)* судай жаңа газеті алғашқы нөмірін бұрқыратып, шығарып та тастады. Газеттің «Алатау арайы» аталуына осы үш ағамның, үш баспасөз серкесінің де өз үлестері бар... Жаңа құрылымдағы газет басшыларының облыстың ең тандаулы, ең сыйлы үш ардагер-журналисіне газет атын таңдауға ұсыныс тастауы тектен-тек емес шығар. Тағы да сол үйлескен сәйкестік — Орағам да, Жұмағам да, Нұрағам да өз беттерінше, «жабық» түрде жазған он шақты байқау-атаудың ішінен «Алатау арайына» тоқтап, астын сызып тұрып көрсеткен екен...

Талғат СУЙІНБАЙ,
Алматы

QOƒAM

Жұма күні жұртшылық Алматы қаласындағы Орталық мешітке қарай айналасы алақан жайған көрі-құртаң мен мүсәпір-міскінге толады. Арасында бала өрткен көліншектер де жүреді. Көбінің бет-әлпетіне қарасаң, қайыршы деуге көлмейді. Мына бір үлбіреген жас көліншек те баласын көтеріп, өркімге бір жәутендеп тұр.

«Бүгін жұма болған соң қаптаған ғой» деп өзімді жұбатқандай болдым. Егер шын мұқтаж болса, басқа күні де тұруы керек кой деп ертесі мешіт маңына қайта бардым. Ондағы ойым — әлгі аналармен тілдесу, халін сұрау. Мешіт



жанында бір-екі қария ғана көзге көрінді. Пушкин көшесімен жоғары көтеріле бергенде үш баласымен отырған келіншекке көзім түсті. Жанына жақындағаным сол, «Ас-ауқатқа көмектесе аласын ба?» деді қиылып. Әңгімеге тартып көріп едім, іші толып қалған-ау, келіншек бірден көз жасына ерік берді.

Әлия Жетісайдың тумасы екен. Жасы 45-те. Алатау ауданына қарасты Әйгерім ықшамауданында пәтер жалдап тұрады. Бес баласымен пәтер жағалап жүргеніне екі жыл болыпты. Балаларына берілетін жәрдемақы күнделікті тамағы мен пәтеракысына әрең жетеді. Жұмыс істейін десе, екі баласы кішкентай, күнделікті тамағы мен керек-жарағын табу үшін көшеде қайыр сұрауға мәжбүр.



— Әлия, бес баламен неге Алматыда жүрісіз? Балалардың әкесі қайда? Күн болса суытып келе жатыр. Үш бала жаныңызда, қалғандары қайда? — деп сұрақты төпелетіп жатырмын.

— Ой, сіңілім! Несін жасырайын, күйеуімнен қашып осында келдік. Елуге тақағанда осылай қашып-пысып жүремін деп кім ойлаған. Менің өмірім туралы кино түсіруге болады, — деп жымиды.

«Бірінші күйеуіммен он жылдай отастық. Одан бір ұл, бір қызым бар. Бір-екі жылда есейеді екеуі. Екінші рет тұрмысқа шықтым. Дүниеге үш бала келді. Ұлым бесте, ал мына егіз қыздарым үшке келеді. Күйеуім қызғаншақ, ашы судан ұрттайтыны бар. Екі жыл бұрын балаларымның көзіңше өлімші етіп сабап, көршілер әрең алып қалды. Арыз жазып, сотқа бердім. Үш жылға сотталды. Қазір түрмеде отыр. Ауылдағылар екіге жарылып бірі мені қолдаса, бірі күйеуімді қолдап, көшеде басымды тік көтеріп жүре алмайтын болдым. Ата-енем де мені кінәлап, жұртқа жамандап болды. Тіпті немерелеріне де тіл тигізді. Содан бір күнде балаларымды алдым да, Алматыға тайып тұрдым. Марқұм бірінші күйеуім жуас болатын. Ауылдағы мектепте тарих пәнінің мұғалімі болды. Мен де сатушы болып жұмыс істеп жүрдім. Екі баламыз өмірге келді. Ауылда ел қатарлы тату-тәтті өмір сүріп жаттық. Жолдасым мектептегі оқушыларды Шымкентте өтетін республикалық олимпиадаға апара жатып, жол апатынан олім болды. Бірнеше жыл күйзеліске түсіп, өсімді әрең жидым. Екі баламды өсіруге барымды салып жұмыс істеп жүрдім. Дүкенде жұмыс істейтіндіктен, ауыл адамдарымен жақын араласасын, сырынды бөлісесін. Бір күні құрбым: «Көрші ауылда әйелі қайтыс болған бір кісі бар. Танысып көр, тіршілігі бар», — қайта-қайта айтып, мазамды алды. Балаларым есейіп қалған, қалай болар

екен деп уайымдап жүрдім. Қазіргі күйеуім Мұрат дүкенге келгіштеп, ішкі сырын айтып, балаларыма әке боламын деп ақыры өзіне қаратты. Туыстардың рұқсатын алып отау құрдық. Алдымен ұлым, араға екі жыл салып егіз қызым өмірге келді. Бізге қорған боламын деп уәде берген күйеуім ішімдік ішіп алса, «концерт» қоятынды шығарды. Баламен үйде отырғаннан кейін тапқанын жеп, бергенін жаратып, тыныштық үшін шыдап жүрдім. Менімен қоймай, үлкен ұлым мен қызыма да қол көтеретінді шығарды. Жұмыстан көңіл-күйі бұзылып келсе, тыныштық жоқ. Балаларды бір-бірінен бөліп, үлкендерімді «тірі жетімсіңдер», «арамтамасыздар» деп қаралайтынды шығарды. Күнде айқай-шу. Егіздер кішкентай, қырқынан енді шыққан. «Неге тамақ дайын емес» деп тепкінің астына алды. Үлкен ұлым араша түсіп еді, оны да оңдырмады. Қызым көршілерді шақырып, әрең арашалап алды. Көрші әйел полицияға да хабар берген екен, олар да бірден келіп жолдасымды қамауға алды. Ауруханада екі аптадай емделіп, әрең жазылдым. Екі қабырғам сынып кетіпті. Әлі де қозғалсам

БАҒЫ АШЫЛМАҒАН ӘЙЕЛ

ауырады. Арыз жаздым. Көршілер де оған қарсы түсініктеме берді. Кешірім бермедім. Балаларым үшін де кешіргім келмеді. Оның тепкісіне шыдап жүре алмаймын. Ендігі өмірімді бес балама арнағым келеді».

— Әлия, қанша жәрдемақы аласыз? Күнделікті азық-түлікке қанша жұмсайсыз?

— Тұрақты жұмыс істегім-ақ келеді. Балаларға 60 мың аламын. Ұлым техникалық колледжге түсті. Қызым биыл оныншы сыныпта. Әйгерімдегі мектепке барып жүр. Бір бөлмелі жатақханада тұрамыз, ішінде суық суы бар. Жылуы газбен. Оған да шүкір. Бес баламен көп жерге алмайды екен. Ал мына кісілер құдайға қараған жандар, жаны ашып бізді кіргізді. Тек уәде бойынша пәтеракыны кешіктірмесек болды. Қазір осылай көше кезуге мәжбүрмін. Бәрі қымбат. Жакында пәтер иесі тұрақты тіркеуге қойып беремін деді. Тіркеу жағын реттесем, Алатау ауданының әкімдігіне барып көмек сұрай аламын. Анау жолдың арғы жағында баламен

тұрған келіншек — көршім. Оның да бағы ашылмай қалған. «Қазір қайырымды жандар көп, мешіттің жанынан біреу болмаса біреу көмектеседі» деген соң шығып жүрмін. Үлкен ұлым мен қызым намысшыл, менің бұл жакқа келгенімді білмейді. Өтінем, суретке түсірмей-ақ қойшы. Ертең таныс біреулер көріп қалып жаман ойлап жүрер. Өзіме де ұнамайды бүйтіп жүрген, балаларымды балабақшаға беріп, жұмыс істеймін. Бұл да уақытша», — делі.

Әлия әнтіме барысында әйел адамның төзімділігі, қайсарлығы кейбір ер адамдардың түсінігінің аздығы жайлы ойын да айтып қалды.

«Негізі ер адам, әйел адам деп бөлмеймін. Менінше, әр адамның өзінің түсінігі, танымы болады. Марқұм алғашқы күйеуіммен бір мектепте оқыдық, бір ауылда өстік. Бір рет те де қол көтермеп еді. Бәлкім, оқыған-тоқыған болған соң, түсінігі де басқа болған шығар. Ал мына Мұратты мен түсіне алмадым. Ол мен туралы, менің балаларым туралы білді емес пе. Мен оны өзіме күштеп үйлендірген жоқпын. «Таяқтың талайын көрдік» деп ақыл айтқан келіншектер болды. Бірақ та отасқан үш жылдың ішінде оның тепкісіне қалай шыдағанымды білмеймін. Қазір Алматыдағы қашып жүрген күндерім, оның қасындағы бір күннен он есе артық. Әйел адамның бағы ашылмаса, қиын. Қазір бес балам үшін барымды салып жүрмін. Алақан жайғаныма өзім де намыстанып тұрмын. Өткенде бір келіншек балаларыма жана киім-кешек алып келіпті. Одан бөлек, ақшалай көмектесетіндер де бар. Көбіне, қазақтар көмек қолын созуға асығып тұрады», — деген Әлияның көзінен моншақ-моншақ жас үзіліп түсті.

Тағдыр-ай десенші...

Макпал НОҒАЙБАЕВА

МҮМАІЛ «ЕСІКТЕН – ЕСІККЕ ДЕЙІН» ЖЕТКІЗУ



Air Astana «Есіктен – есікке дейін» MyMAIL пошта жеткізудің жаңа қызметін іске қосты. Қазіргі уақытта пилоттық режимде Алматы мен Астана қалалары арасында жедел поштаны жеткізу Air Astana компаниялар тобының тікелей рейстерімен қолжетімді.

Жеткізу туралы өтінішті <https://mymail.airastana.com/> сайтында сәлемдеменің түрі мен салмағы, сондай-ақ жөнелтуші мен

алушының мекен-жайы көрсетілген онлайн режимінде жасауға болады. Қызметтің құны жөнелту және келіп жету әуежайынан мекенжайдың қашықтығына байланысты. Тапсырыс нөмірі бойынша сәлемдемені қадағалауға болады.

Жеткізуге қабылданатын заттар:

1. Салмағы 5 кг-ға дейінгі жазбаша хат-хабар
2. Салмағы 5 кг-ға дейінгі және 35x45x15см-ден аспайтын сәлемдемелер
3. Құжаттардың түпнұсқасы (*соның ішінде төлқұжат, жүргізуші куәлігі және т.б.*)

Әуежайда қауіпті жүк пен жөнелтуге тыйым салынған заттардың бар-жоғын визуалды тексеру үшін жөнелтілімдер жабылмаған түрде қабылданады. Жөнелтуге тыйым салынған заттар тізімі mymail.airastana.com сайтында жарияланған. Тұтынушылар қалауы бойынша келіп жету әуежайынан ғана жеткізуді рәсімдей алады.

Анықтама үшін телефон: +7 727 270 3140, +7 727 270 3053

Air Astana компаниялар тобы Қазақстанда бірінші болып FlyArystan құрылымдық бөлімшесіне тиесілі Airbus A320 ұшағында C2 техникалық қызмет көрсетудің ауыр түрін Астанада өздігінен жүзеге асырды.

AIR ASTANA КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ АЛҒАШ РЕТ C2-CHECK ҚЫЗМЕТІНІҢ АУЫР ТҮРІН ЖАСАДЫ

Биыл жалпы екі C2-check жоспарланған. Airbus тобының ұшақтарында C2-check техникалық қызмет көрсетуге рұқсат 2022 жылдың тамызында алынған.

Роберт ДАНДО, Air Astana техникалық қызмет көрсету жөніндегі аға менеджері:

«Осы санаттағы техникалық қызмет көрсетуді жүргізу компанияның инженерлік-техникалық персоналының жоғары кәсіби деңгейі мен мүмкіндіктерін, сондай-ақ жоғары сапалы C2-check үшін материалдық базаның жабдықталуын растайды. Сонымен қатар, C2-check-ті өздігінен жүзеге асыру әуекомпанияға осы жұмыс түрлеріне жұмсалатын едәуір қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді».



C2-check-ті өткізу кезінде әуе кемесінің әртүрлі бөліктерінде тереңдетілген тексерулер мен сынақтар жүргізіледі: ауа баптағыш сүзгілер мен кілемдерді ауыстырудан бастап бұзбайтын бақылау әдісі арқылы әуе кемесінің құрылымын тексеруге дейін.

Airbus ұшақтарында C2-check әрбір 24 000 ұшқан сағатынан немесе 12 000 қонудан кейін жүргізіледі.

C2-check-пен қатар 2019 жылдан бастап әуекомпания Airbus A320/321 ұшағында C1-check жүргізеді. Сонымен қатар, Компаниялар тобы 2023 жылдың жазында рұқсат алуға жоспарлаған 6 және 12 жылдық check-терге дайындықты бастады. Бұл Air Astana-ға Астанада орналасқан Airbus A320/321 ұшақтарына техникалық қызмет көрсетудің барлық деңгейін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

БӘРІНЕ «МӘНІР» КІНӘЛІ МЕ?

Бүгінде жас жұбайлардың неке қию рәсімінде қалыңдыққа қаратып: «күйеуіңнен мәһірге не талап етесің?» деп сұрау дәстүрге айналып барады. Бұл бізге қайдан келді, мәһір деген не – ол жағын ешкім ойланyp жатқан жоқ. Қалыңдықтың қалаған затын жігіт қайтсе де әперуі тиіс. Тимей тұрып алып қалайық дей ме екен, қызыл-жасыл дүниеге көз тіккен арулар да қымбат нәрсеге «тапсырыс» береді.

Өткен аптада болашақ жарынан қымбат көлік сұраған бойжеткеннің мешіт ішінде спайып жалғыз қалғаны туралы әңгіме желдей есті. Той күні белгіленіп, екі жак та қызу дайындалған. Бірақ екі жас мәһірлің кесірінен екіге айрылыпты. «Маған мұндай ашкөз әйел керек емес» деп болмай қалған күйеу жігіт теріс бұрылып кетіп қалды.

Көпшілік «қыздың аузы арандай екен» деп жерден алып, жерге салды.

Ал қымбат дүние талап еткені үшін болашақ жарын тастап кеткен жігіттің әрекеті ше? Дұрыс па, бұрыс па? Ол жігіт өзіне жар тандағанда кімге үйленетінін білмеді ме? Болашақ жарымен ертенгі күніне жоспар құрмалы ма? Неке қиюға бармай тұрып, неге келісіп алмады екен...

Өйткені қыздың ары, намысы тапталды. Ата-анасы жер шұқып қалды. Жігіттің әке-шешесіне де оңай тимегені анық.

Мәһірге қатысты Қазақстан Мұсылмандар діни басқармасының баспасөз хатшысы Ағабек Қонарбайұлы былай дейді:

«Әлеуметтік желіде талқыланып жатқан мәселеге қатысты айтармыз: біріншіден, бұл, өкінішке қарай, қыз тәрбиесін жіберіп алғанымыздың бір көрінісі. Екіншіден, жігіттің өз эмоциясын басқара алмауы деп есептеймін.

Әйтпесе, имамдар неке қию рәсімінде мәһір сұраған кезде жігіттің жағдайын ескеру қажеттігін айтып-ақ келеді... Бұл мәселеге қатысты қабылданған пәтуа үкімінде осы жайт ескерілген.

1. Мәһір — қалыңдықтың ақысы. Келісілген мәһірді бермеу — күнә;



ата-әжемізден де, ата-анамыздан да мәһір туралы естімеппіз.

«Қазір жас қыздар мәһірге iPhone 13 сұрайды. Ол бес жылдан кейін кірпіш болады, лактырып тастайсың. Қазір жаһандану заманында прогресс күшті жүріп жатыр. Бес жыл бұрынғы нәрсеге күлесіз. Сол сияқты мәһір деген де құндылық, көңіл», — дейді имам Нұрлан Бекжігітұлы.

Иә, «мәһір» тақырыбы қоғамды дүр сілкіндірді. Неше түрлі әзіл-шыны аралас әңгімелерді туындатты. Бірақ қандай да бір мәселе туындағанда таяқтың екі ұшы болады. Жігітті мақтап, қызды даттағаннан (*немесе керісінше*) ештеңе шықпайды. Біз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек.

Неден қателестік? Ұрпақ тәрбиесінде ме? Отбасы құндылығын түсіндіре алмадық па? Әлде бұл жағдайды екі жастың ақымақтығына балаймыз ба? Қалай болғанда да, тұрмысқа шығуға дайындалып жүрген қыздардың құлағына алтын сырға: мәһірді сұрада абай болыңыз. Әйтпесе, некесі қиылмай қалған бойжеткеннің кебін қиесіз!

Макпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Әңгіме

Биыл көктемде күтпеген жерден Гүлзат әпкемнің күйеуімен ажырасқанын естіп, оңтүстік жакқа қарай көңілсіз сапарға шықтым. Мұндай жағдайдан соң, әрине, әпкем жалғызсырап, жүдеп қалғандай көрінді. Ет-бауырым езіліп, оның қазіргі камкөңіл кейіпін, мұң торлаған жүзін әлсін-әлсін көз алдыма елестетемін де, жүрегім сыздап қоя береді. Қайран әпкем, көз жасын көлденең көк аттыға көрсеткісі келмей, оңашада сығымдап алып жүр-ау деп ойлаймын. Оған қазір, қайткен күнде де, біреуіміз сүйеніш болуымыз керек деймін. Әйтпесе, бір әке, бір шешеден туған бауыр екендігіміздің құны көк тиын емес пе. Шындығында, біздің әулет біртбеткей, тік мінезді көрінгенімен, іштей тез мүжіліп, морт сынуға бейім.

Әпкем өз жайынан бізге еш хабар білдірмейтті. Егіліп отырып хат жазбаған, не болмаса телефон шалмаған. Көз жасын көл қылып үйге де қайтып келмеген. Үн-түнсіз, іштей тынған да қалған...

Әйткенмен тағдыр біздің осындай төзімді, тұйық мінезімізге қарай қайғы-қасірет атаулыға мүлде қас, қиын-қыстау сәтте іркілмей қол ұшын созуға дайын ыстық жүрек, нәзік көңіл сыйлапты. Содан да болар, әпкемнің жайын ести сала, қанатымен су тасыған қарлығаштай алып-ұшып келе жатқан түрім мынау. Шындап келгенде, мен оған қазір қандай көмек бере аламын, қолымнан не келеді, нендей мақсатпен жолға шықтым — ол жағын өзім де білмеймін. Әйтеуір, көп кідірмей тез жетуім керек сияқты...

Біз таң алдында мінген самолет екі сағаттан соң Ш. қаласының әуежайына қонуға бет алды. Стюардессаның үні саңқылдап, облыс орталығы болып саналатын бұл қаланың қашан, қай ғасырда дүниеге келгенін, қалай өсіп-өркендегенін, қанша халық тұратынын, қандай-қандай мәдени орындары бар екенін айтып, баяндай жөнелді. Бұдан біраз жыл бұрын Ш. қаласында үлкен-үлкен жеті завод бар екені, ірі өндіріс орталығы болып саналатыны да мақтанышпен айтылушы еді. Неге екені, бұл жолы стюардесса ол жайында тіс жармады...

Сыртта өпкек жел соғып тұр екен. Күн бұлтты. Жылы салоннан шыққандыкі ме, бойым тітіркеніп, тонази бастағандай болдым. Етек-жеңімді қымтана түсіп, автобус аялдмасына қарай аяңдалым. Бұрын әуежайда мені жездемнің өзі күтіп алушы еді. Жаркылдап күліп көрісіп, қуана қауышып жататынбыз. Бала мінезді, ақ көңіл, адал әрі жайдары жан сияқты көрінетін... Туған ағамдай болып кетіп еді. Ойыма тағы да әпкем оралды. «Құрысын ондай жездесі, — деймін ашумен. — Енді бірдеме етіп өзім-ақ жетермін. Жол мәшинеге мінермін. Қиналармын. Жол азабын тартармын. Тек, әйтеуір, тезірек жетсем екен».

Ш. қаласының мойнын көкке созған жеті заводы ыстап тастағандай аспандағы алба-жұлба бұлттар лас, кір-қожалақ сияқты көрінеді. Ауа тарылып кеткендей, газ ба, түтін бе — бір нәрсе еңсенді езіп, тынысыңды ауырлатады. Апам ылғи да: «Ниетін түзу болса, сапарың оң болады» деп отырушы еді. Сол айтқаны рас па деймін, автовокзалда түп-тура Қызылдалаға жүретін автобуска тап бола кеттім. Әне-міне дегенше қала сыртындағы даңғыл жолға шығып алған көгілдір белдеулі автобус кең даланы көрген соң тынысы ашылғандай бауырын жазып, жүйткі жөнелді... Қызылдала — сонау бір қиян, сусыз шөлейт даладағы алақандай ғана ауыл. Жазы аптап ыстық, қысы көрлті суық болады ол жақтын. Әпкемдер институттан соң жолдамамен келіп еді...

Біз шөлейт далаға қарай ұзаған сайын көк жүзі ашылып, жуылған шыныдай мөлдіреп, күн көзі жарқырап көріне бастады. Жолдың ескі жағындағы көкорай шалғынның арасынан сан алуан құстар тынымсыз сайрап, кейде тіпті мотордың бірқалыпты түрілін де естіртіп жібереді...

«Не болды сендерге, неге келісе алмадыңдар? — деймін мен әпкем мен жездеме ойша сауал қойып. — Екеуін өте тату турушы едіңдер ғой?.. Сүйіп қосылып едіңдер ғой?.. Неге үндемейсіңдер? Қандай жұмбақ сыр бар сендерде?.. Естерінде ме, екеуің үйленген күн... Ал менің есімде мәңгі ұмытылмастай жатталып қалған. Тойларын тамаша өтті ғой. Әпкем қандай сұлу еді сонда... Жезде, сен де жігіттің сұлтаны едің. Біз сені бір көруге ынтығып, үйдің жанына келіп тоқтаған мәшинеден түскен бір топ жігіттерге уяла қарағанымызда, өзінді солардың арасынан бірден танығанбыз. Сол... сен екеніңді көңілімізбен сезгенбіз. Өйткені сен біртүрлі... біздің үйдің адамына ұқсайтынсың... Енді, міне... қалайша өзгеріп кеттіңдер? Тіпті сене алмай келемін ғой. Өтірік болса екен, өтірік болып шықса екен...».

Кенет жүрегім лүпілдеп, қазір Қызылдалаға жеткенде бір қуанышқа кенелерді көңілім алабұртып кетеді. «Өй, Жәкіш, келетініңді неге айтпадың?!» деп жездем алдымнан күлімдеп шыға келердей болады. Бірақ артыныша мұның өзі, жылай-жылай көз жасы таусылып, ішкі шерін бір сарқып алған жанның елегізген көңілі сияқты алдамшы, азғантай ғана үміт екенін ойлап, тұнжырап қаламын... Күн сәскеге көтерілгенде Қызылдаланың төбесі де көрінді. Әне, анау төменде шашырап жатқан шағын ауылда менің әпкем тұрады. Ол қазір не істеп жүр екен?.. Қандай күйде екен?.. Ендігі өмірі жайында не ойлайды?..

Әпкем расында да жүдеп қалыпты. Аққұба жүзінің ажары солғын тартып, көзінің алдын мұң кіреукеlep, жанары боталап үлкейе түскен. Жүріс-тұрысында, мінез-құлқында біртүрлі қызырлы, салмақты құп пайда болыпты. Менің келгеніме қуанып, құшақтап бетімнен сүйіп амандасқан соң: — Апам жіберді ме? — деп сұрады сәл мұнайы. — Жок. Өзім келдім, — дедім мен де сабыр сактауға тырысып. Содан соң өз жайынан хабардар екенімді білсін деп: — Үйдегілер әлі естіген жоқ, — деп қойдым. Әпкемнің шағын ғана екі бөлмелі үйі мұнтаздай таза, кішкентай қыздың қуыршақ ойнағанындай тап-тұйнақтай: әр зат өз орнында, жалтырап тұр. Ол әпкемнің ұқыптылығынан ғана емес, бұл үйдегі заттарды шашып, былдырлап ойнайтын баланың жоктығынан да... Неге екенін қайдан білейін, жездем екеуі бас қосқалы бірталай жыл өтсе де, әлі күнге нәрестелі болған емес-ті. Ол үй-ішінің жағдайын, менің институттағы сабағымды

сұрай жүріп шай әзірледі. Мен қысқа-қысқа ғана жауап қатып отырдым. Жездем жайында сұрағым келсе де, біртүрлі батылым жетпеді. Ол енді бізге бөтен адам ғой. Тіпті жау болып кетуі де мүмкін...

Ал әпкемнің өзі бұл үйде ешқандай өзгеріс болмағандай, баяғыдан бері тап осылай жалғыз тұрып келе жатқандай, сабырлы қалпын сақтап, ол туралы ештеңе айтпады. Шай ішіліп болған соң сыртқа шығып, ауланың ішінде біраз ойланып отырдым. Есік алдындағы бақанға керулі жіпте жаюлы тұрған ер кісінің көйлегі, сәкінің астында жатқан ескі аяқ киім, темір қақпалы гараж, тіпті жаңырлы күні түскен машинаның ізі де жездемді жиі-жиі еске салып қояды. Оның біржола кетіп қалғанына біртүрлі сентім келмеді... Адамдар қызық-ау осы, қазіргі мынау көңілсіз үйдің бір кездегі иесі Досбол жездем аяқ астынан құбылып шыға келеді деп кім ойлаған. Өз ошағын, сүйіп қосылған жарын, бауыр басып қалған ауылы мен ауласын көзі қиып қалай тастап кетті екен?..

Ол осында жүргенде бәрі басқаша еді. Шынын айту керек, жездем мені өзінің туған інісінен кем көрмейтін. Біз қонаққа келген сайын жаны қалмай елпелектеп, құрақ ұшып тұратын. Бұдан кішірек кезімізде бала сияктанып кейде өзі де бірге ойнап кетуші еді... Енді, міне... бәрі де күтпеген жерден өзгере қалады екен-ау. «Адамдар осы неге айырылысады? — деп ойлаймын мен. — Өмірде жолымыз бір, кеудеде жанымыз бір дейтін достар неге өкпелесіп, ат құйрығын кесісіп кетіп жатады?.. Тіршілігіміз бен тілегіміз ортақ дейтін ерлі-зайыптылар неге екіге жарылады... Камшының сабындай ғана қысқа ғұмырда, жалғыз-ақ берілер жалғанда аяқ астынан адаса салу онай болғаны ма? Кім, не ұтпақ сонымен?».

Әне, ауылдың айналасы түгел құлпырып, көкорай шалғын қол бұлғап тербеліп тұр. Отыздың үстіне жаңа шыққан жаң-жас әпкемнің қайғылы тағдырына, камкөңіл тіршілігіне наразылық білдіріп, оны аялап жұбатқысы келгендей, жастық шақты қайтадан жырлатқысы келгендей... Бірақ әпкем оған жұбана ала ма?.. Жездем жоқ қой... Кешқұрым әпкем екеуміз терезенің тұсындағы сәкіде отырып ұзақ сырластық. Күндізгі оттай ыстық демнің беті қайтып, жазғы даланың кең тынысты қоңыр салқын шағы қанат жайған. Саумал қымыз секілді сабат ауамен тыныстаған ракат: деміңді ішіңе терен алып, ақырын ғана күрсініп қойсаң, іштегі қайғың да аздап сейілгендей болады.

— Ол кетіп қалды, — деп әпкем мұнайып. Кінәлі жандай жабырқап төмен қарап отырды да, сосын жанарын сонау-ау алыста, биік шыңдарының ұшы ғана мұнартып көрініп тұрған Қосмолаға қалады. — Жакында бір жыл болады... — Бір жыл?! Жездемнің кеткеніне ме? — Ия. Бұл өзі... бұдан біраз жыл бұрын басталған оқиға еді ғой. Жәкіш, енді сен жас бала емессің, түсінетін шығарсың, біздің осы кезге шейін баламыз болмады, енді болмайды да... Сол үшін осындай шешімге келдік. Ол қазір ана-ау тау жақтағы ауылда тұрады. Үйленген. Бір қызы бар. Аты — Ансар. Тамағыма өксік тіреліп, көзіме жас толып қалды. Тынысым тарылып, құлағым шынылдағандай болды. «Бір жыл?! Япыр-ау, бір жыл бойы бізге айтпай, жалғыз тұрып келіп жетті ме?.. Бұл не?! Каталдық па? Төкаппарлық па?! Не... не сонда? Кім үшін, не үшін азапка салған құдай-ау?».

— Әпке, өзіміздің үйге қайтайықшы. Жүрші... — Үнім әзер шықты. Ол мұная күлімсіреді.

— Мен осы ауылға үйреніп қалыппын, Жәкіш. Біртүрлі қимаймын... — Қимайтын несі қалды?! — Енді менің даусым шаңқылдап ашы шыға бастады. — Жападан жалғыз не істейсің мұнда? Ауылға жүр. Кетеміз, әпке!

— Қызықсын, Жәкіш. — Әпкемнің үні соншалықты сабырлы шықты. — Менің ең бір кимас күндерім осында өтті ғой. Сол үшін де ыстық маған... әрі жезден де кетпеші деп өтініп еді.

— Жезден?! Оның қандай хақысы бар?! — Солай, Жәкіш... Саған әлі көп нәрсені айтып түсіндіре алмай отырмын-ау. Қалаға барып, дәрігерлерге көрініп келген соң, алғаш рет оған өз бақытыңды іздеп тап деп өзім айтқанмын. Содан соң төрт жыл бірге тұрмыс құрдық. Бір күні ол үйге тұнжырап келді де: «Егер сен ренжімесең, екеуміз бөлек өмір сүріп көрейік», — деді. Мен оның басқа біреумен көңіл қосып келгенін сездім. Жүрегім су ете түсті. Жолайрыққа жетіп қалғанымызды түсіндім. Іштей сол күнге дайынмын, берік бекінім деп жүрсем де, төбемнен жай түскендей болды. Жапан түзде, елсіз құла далада қалып бара жатқандай өзегім өртенді... Бірақ мен оның бақытты болуын, перзент суюін шын жүректен тілеп едім ғой... ия, менің кінәмнен ол неге бақытсыз болуға тиіс. Бала сүюді тағдыр жазбаса, әу баста-ақ менің маңдайыма жазбаған екен, оның кінәсі не?.. Сосын киімдерін өзім реттеп, кемоданға сала бастадым. Оның алыс жакка кететінін жүрегім сезді. Ал ол менің қимылымнан көз жазбай қарап тұрып: «Бір өтінішім... қажет десең, өмірлік тілегім бар. Соны орындаймын деп уәде берсең ғана кетемін, әйтпесе кетпеймін», — деді. Бұл оның «мені бақытты ету де өз қолында» деп тұрғаны еді... Сөйтіп, жезденнің соңғы тілегін қабыл алдым. «Бұл ауылдан ешқайда кетпеші. Қайда

жүрсем де, менің үйім осы...» деп еді ол. Солай, Жәкіш...

— Кетеміз, әпке, — дедім мен оған көңгім келмей. Әпкем осы сәт темір тұзда еріксіз қамалып отырған бейқұнә қосқа ұқсап кетті. Жездеме жыным келді. «Феодал! — дедім іштей ызаланып. — Нағыз феодал екен ғой өзі! Адам деп жүрсем».

— Жарайды, Жәкіш, — деді әпкем. — Үйге кірейік...

Маған төсекті сыртқа, сәкінің үстіне салып беруін өтіндім. Өзіммен өзім онаша жатып, ойланғым келді. Сарапқа салып көрмекпін бәрін де...

Жол соғып шаршаған екенмін. Жастыққа басым тиісімен көзім жұмыла бастады. Әпкемнің болашақ тағдыры туралы ойымды жинақтай алмадым. Жібек жіптей қайта-қайта сусып кете берді...

Түннің бір жарымында үйдің жанына түрілдеп келіп тоқтаған машинаның даусынан аяңдым. Терезеден қиғаштап жарық түсті. Түнгі дала тым-тырыс. Айналаға қою тыныштық ұйып қалған. Күндізгі әнші құстар да ұйықтап жатыр-ау қазір...

— Жәкіш келді ғой, — деген әпкемнің үні естілді. Терезенің желкөзі ашық екен, даусы ап-анық жетті.

— Қашан? — деді жездем. — Қайда өзі?.. — Бүгін келді. Сыртта ұйықтап жатыр. Иә, өзін қайдан түнделетіп жүрсің?

— Ана жактан келе жатырмын. — Оның үні біртүрлі солғын шықты.

— Жайшылық па?

Ол үндемеді. Әпкем:

— Шай қояйын ба? — деп сұрады.

— Жок. Бір кесе айран ішейін. Үйдің айранын сағындым, — деді ол. Әпкем ас үйден айран құйып әкелген болуы керек. Сүт пісірім уақыттан соң:

— Уһ, тәттісің-ай, — деген даусы естілді оның. — Бал татиды...

— Айтшы, не болды?

— Ол кетіп қалды...

— Тағы да ренжісіп қалдыңдар ма?

— Сәл нәрсеге бола бұлқан-талқан болып...

— Жас емес пе. Сен сабырлы болсаңшы.

— Шаршадым, тіпті әбден басым қатты.

Әнеуғүні осында келіп қайттым ғой. Содан бері оң қабағы ашылмай жүрген. Ақыры кетіп тынды. Шынымды айтсам, бойым жеңілдеп қалды...

— Ансарды алып кетті ме?

— Ия. Кетсе, жолы болсын.

— Қой әрі. Өйтіп жаман ырым бастамашы.

Әлі-ақ тұраласып кетесіңдер. Өзің барып кешірім сұра одан да...

— Кешірім сұрайтындай не жазыппын?!

— Қызғанады ғой. Оған онай тиіп жүр ме... Келмей-ақ қойшы осында. Не бар дейсің мұнда? Сол бағыы өзін көрген тіршілік-дағы...

— Келме дегенше, өл деші маған!

— Туу, саған не болған өзі?! Ансарды айтшы онан да. Қалай... саған ұқсай ма?

— Қасы, көзі, аузы, мұрны — аумаған өзім.

— Түп-тура көшірмем деші! — Әпкем сынғырлап күлді. Жездем де жымылып қойды-ау деп ойладым мен сыртта жатып.

— Жәкіш біздің жағдайымызды біле ме? — деп сұрады ол.

— Естіген ғой...

— Гүлзат, мен осы қайтып келсем қайтеді?

— Қызықсын, Досбол. Ұмыта алсаң, мені ұмыт. Ал Ансарды әкесіз қалдырма. Күнөсіз нәрестені бакытсыз етпе...

— Екі оттың ортасында қалғандаймын-ау... — Ол терен күрсініп қойды.

— Күле ме өзі? Қылығы шыға бастады ма? — деді әпкем.

— Кімді айтасың? А... Ансарды ма?

Ия, күледі. Сол үшін ғана бірге өмір сүріп



жатқандаймыз. Әйтпесе, бір-бірімізге мүлде бөлек жандармыз...

Содан соң екеуі көпке дейін үнсіз қалды. Япыр-ау, бұл не? — деп ойладым мен іштей таңғалып. — Үнді фильмдеріндегідей елжіреуік махаббат па? Әлде...

Жездемнің дәл бүгін, мен келген күні түнделетіп жүруі қызық еді. Біртүрлі, түсініксіз кездейсоқтық болатын. Иә, кездейсоқтық. Жо-жок!.. Олай емес. Кездейсоқтық емес, бұл өзі өмірдің тылсым, түсініксіз құпия заңдылығы... Міне, тағдыр-талайы қиын, жолы ауыр екі жан бір-біріне кіршіксіз адал көңілмен сыр ақтарып отыр. Ал мұндай көусар шындыққа әйтеуір, кім де болса, тілектес бір жан куә болуға тиіс қой...

Ия, мен — куәмін. Әпкем мен жездемнің арасындағы мынау құпия нәзік сырдың, көусар шындықтың куәсімін. Сол үшін де осы бір адал, арманға толы жас жүректердің қайғысын әке-шешеме, бауырларыма, тіпті көлденең көк атты ашы мысқылдап күлмеуі үшін жалпы жұртқа да қаз-қалпында, таза күйінде жеткізу менің міндетім секілді. Бірақ қалай, қайтіп жеткізе аламын?..

Мүмкін бұл сырды ешкімге айтудың да қажеті жоқ болар. Ерте ме, кеш пе — елдің өзі-ақ түсінер. Әркімде-ақ көз бар, көңіл бар ғой. Тіпті мынау шытырман шырғаланы көп, сыры жұмбақ жарық дүниеге жалғыз-ақ рет келер адам баласының асыл парызының бірі де сол — түсіну емес пе...

— Енді... қайтқаның жон болар, — деген әпкем әлден соң. — Барып, Ансар екеуін алып қайт. Бұл жакка бұдан былай келмей-ақ қой. Мен саған ризамын, Досбол...

— Не болып барады бұл дүние?.. — деді ол қатты торығып. Сосын әпкемнің иығынан құшақтап, бетінен сүйді-ау деймін...

— Жарайды. Болды. Бара ғой, — деген әпкемнің жалынышты үні естілді. — Ансарға арнап көйлек тігіп ем... Өзімде қалсын... Сендер ренжіспендер...

Жездем сыртқа шығып, сәкінің жанына таяп келді де, ақырын ғана менің шашымнан сипады. Мен түк сезбеген болып жата бердім...

Сәлден соң түнгі даланың қара торғын пердесін машина жарығы қак тіліп, тас жолдың бойымен ұзап бара жатты. Ол кеткен соң әпкем үйге кіріп соққылдап жылады. Менің жүрегім шымырлап, оған жаным ашыды. Ансарға... өзі өмірінде көрмеген кішкентай Ансарға арнап тіккен көйлегін кеудесіне басып жылады-ау деп ойладым...

Жанына барып жұбатқым келді. Бірақ, неге екені, олай ете алмадым, біртүрлі ыңғайсыз көрдім. Өмір дегеніңіз, таусылмайтын жұмбақ-ау өзі... Жездем не ойлап барады екен? Ертең әпкем екеуміз не істейміз? Ауылға бірге қайтамыз ба?..

Менің мүлде ұйқым қашып кетті. Әпкем көпке дейін өксіп жатты...

БАЛА БӨГЕНЕ

Балалық шаққа саяхат жасағанда ойымызға алдымен туып-өскен жеріміз оралады. Мен 1950 жылы ішлдеде қазіргі Түркістан облысына қарасты Арыс қаласында дүниеге келдім. Арыс пен Шымкент қаласындағы мектептерде, содан кейін Өзбекстанның Наманған қаласында музыка мектебінде оқыдым. 1978 жылы «Дос-Мұқасан» ансамблінің құрамына қабылдандым.

Балалық шақ дегенде көзіме елестейтіні — Арыстағы үйіміз. Оңтүстіктің ауа райын өздеріңіз



қадалып, жылап келгенім бар. Сол кезде ағам ұрыспай, «Әй, ештеңе етпейді, жамап-жасқап аламын» дегені жалымда сақталыпты. Ол кезде қазіргідей дөңгелегін ауыстыра салатын бөлшегі жоқ. Қыстың өзі біздің жакта жылы болатын. Танертен мұзда конькимен ойнасақ, түстен кейін мұз еріп кетеді. Сосын Арыста күз мезгілінде құйын жиі көтеріледі. Тіпті бірнеше минутқа созылып тұрып алады. Сол кезде «құйынның ішінде шайтан болады, оны өлтіру үшін тұз сеуіп пышақты сұғып алу керек» дейтін қатарластарым. Біраз бала әлгі құйынды андимыз. Жакындады-ау деген сәтте қолымызға пышақ пен тұз алып құйынның ортасына кіреміз. Ондағымыз құйын ішіндегі шайтанды өлтірдік деп есептейміз. Шашымыз тік тұрып, үсті-басымыз шаң болса да, өзімізше ерлік жасағанымызға мәзбіз.

Жалпы өнер адамдарында қызық оқиға көп болады. Бір-екеуін айтайын. Жаңа жылда гастрольдік сапармен Арқалық қаласына бардық. 5-6 аудан, ауылдық жерлерге концерт қойдық. Желтоқсан

Ақжол МЕЙІРБЕКОВ, «Дос-Мұқасан» ансамблінің өншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген өртісі:

Ұйықтап жатып, ән салдым

білесіздер, жаз мезгілінде күн төбеден шақырайып, күйдіріп жіберетіндей ерекше ыстық. Үйдегілер есіктің алдына су сеуіп, салқындатып қояды. Төрт жасымда түскі уақытта ұйықтайды екенмін. Ол кезде телевизор деген жоқ. Біздің үйде домалақ, бір ғана жиілікті ұстайтын ескі радио бар. Алматыдан сөйлеп тұралы әлгі радио. Ермек Серкебаев, Роза Бағлановалардың әнін естимін, неше түрлі күй ойналады. Соның бәрін тындап жатып, ұйқылы-ояу:

Партия қайда болса, партия қайда болса, Жеңіс сонда, жеңіс сонда, —

деп әндетеді екем.

Сонда Бәтима дейтін әпкем: «Ойбай апа, мынаны қара, Ақжол ұйықтап жатып ән айтып жатыр» — деп жүгіріп апама барады. Сол кезде апам: «Ее, өскенде өнші болады екен ғой. Бұлай ән салып ұйықтауы бекер емес», — депті. Сөйтіп өншілік кішкентай кезден дарыса керек, содан бері, міне, өнші болып жүрмін. Әлі есімде, 1-2 сыныпта оқып жүргенде аудандық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орын алатынмын. Ең

алғаш шырқаған әнім М.Матусовскийдің «Черное море мое».

Дорог мне кубрик матросский, Скромное наше жилище — Самое синее в мире Черное море мое.

Өзім кішкентай баламын. Дауысым болса шыңғырып тұр. Бірінші орын алдым. Шымкентке апарып, фильмоскоп сыйлаған. Соны өкеліп қатарластарыма мақтанып, маған кино аппаратын сыйлады деп қуанғаным есімде. 5-6 сыныпқа дейін түрлі байқауларға қатысып, ылғи алғашқы орындарды алатынмын. Суретім мектептегі құрмет тақтасында ілініп тұратын. Спортқа да жакын болдым.

Біздің кезімізде велосипедтің түрі де көп бола бермейтін. Тәтемің *(оңтүстікте ағаны «тәте» дейді)* «ЗИМ» дейтін велосипеді болатын. Оған бойым жетпесе де, рамасының ортасына аяғымды салып жүргізетінмін. Велосипедпен Арыс өзеніне барып шомылып қайтамын. Бір жолы велосипедтің дөңгелегіне тікен

айының соңы, күнде қарлы-боран. Алматыға ұшатын ұшақ күн сайын кешіктіріледі. Қонақ үйде «жаңа жылды Арыста қарсы аламыз-ау» деп ойлап отырмыз. Бір сәтте ұшатын болды деген хабарды естіп, барлығымыз әуежайға жүгіріп бардық. Жаңа жылға бір сағат қалғанда отбасымызбен қауыштық. Гастрольге «ПАЗ» деген автобуспен шығатынбыз. Оның жылуы да жоқ. Қалың тонға оранып аламыз. Біз концерт қоятын мәдениет үйлеріне от жағылады. Қазір ғой, барлық жағдай жасалған, әншілер фонограммамен концерт қоя береді. Біздің кезімізде ауыр аппаратураларды өзіміз таситынбыз. Концерттің барлығы жанды дауыста қойылатын. Әнші болғаннан кейін той-томалаққа да жиі барамыз. Бір күні танысым тойға шақырды. Мейрамхана Құрманғазы-Фурманов қиылысында. Барсам, той өтіп жатыр. Тамада «Ақжол аға, келіңіз» деп қояды. Бір-екі тосттан кейін әнімді айттым. Тіршілік болғаннан кейін кетуім керек. Той ақысын беретін шығар деп күтіп тұрмын. Ешкім үндемейді. Той иесіне барсам, шақырмағанын айтады. Қара басып, мекенжайдан жаңылған екенмін. Шақырған той сәл төменірек, Құрманғазы-Қонаев қиылысындағы мейрамханада екен.

Жазып алған **Макпал НОҒАЙБАЕВА**

Ұлт болмысын бейнелеген суретші



Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Mondial Art Paris» академиясының академигі, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Кескіндеме, мүсін және дизайн» факультетінің деканы, білікті ұстаз, қылқалам шебері Бауыржан Нұрбекұлының 60 жасқа толу мерейтойына орай Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде «Туған ел» атты жеке көрмесі өтті.



Көрмедегі көзге түсетін ерекше туындылардың біркатары — тұлғалы портреттер. Олар: Т.Жүргенов, Б.Момышұлы, А.Әшімов, Н.Нүсіпжанов, Х.Наурызбаев, М.Кенбаев, Қ.Телжанов, Е.Сергебаев және т.б. Суретшілерге арналған портреттерде кейіпкерлердің қолтанбасын айшықтайтын артқы фондармен үйлестірген.

Бейнелеу өнері саласын өркендетіп, елеулі үлес қосып келе жатқан Бауыржан Нұрбекұлының «Жолаушы», «Үшқоныр» туындылары алыс шетелдерге асып қазақ жерінің табиғатын өзгелерге таныстырып, танытты. Портрет жанрындағы Д.Жолжақсыновтың «Біржан Сал» рөліндегі портреті — шығармашылығының тағы бір қыры. Сондай-ақ Бауыржан Нұрбекұлының «Көкпар», «Қақтығыс», «Қыз Жібек» графикалық туындылары да көпшілікке таныс.

Туған халқы мен тарихына, ұлттық пәлсапасына деген қызығушылық суретшіні әманда ұлт болмысын суреттеуге жетелейді. «Туған ел» көрмесі Ә.Қастеев атындағы өнер музейінде 12 қазанға дейін жалғасады.

(Өз тілшіміз)

«Дос-Мұқасанға» - 55 жыл



Қазақ эстрадасында мәңгілік із қалдырған әйгілі «Дос-Мұқасан» тобының құрылғанына биыл 55 жыл толып отыр.

Мерейтой қарсаңында «Алматы» музейінде ансамбльге арналған көрме ашылды. Жұрт назарына аты аңызға айналған топтың жеке мұрағатында сақталған 200-ден астам жөдігер ұсынылды. Көрмеге өнерпаздардың сахналық киімдері, музыкалық аспаптары, концерттік афишалары мен фотосуреттері қойылған.

ЖҚ-ақпарат



Суреттерді түсірген Андрей ХАЛИН

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ
Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1092;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараан», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңсірішкітерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.